# SARYARQA

16 qazan 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№38 (8202)



KÚN TÁRTIBI
ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ 3-бет

DÚBIR
«ТҰЛҒА» СЫЙЛЫҒЫ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫ 4-бет

QOGAM
ЕЛ АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАН 5-бет

RÝHANIAT
ҰЛТТЫҚ САНАМЕН САБАҚТАС 6-бет


# ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН АКАДЕМИК

***Әлемге танылған ғалым, Қазақстан мен Орта Азия республикаларында нутрициологтар мектебінің негізін қалаушы, Қазақ Тағамтану академиясының президенті, академик Төрегелді ШАРМАНҰЛЫ 90 жасқа толып отыр. Отыз жастан асқанда медицина ғылымдарының докторы, қырыққа жетпей профессор атанған ағамыз кезінде айтарлықтай жоғары қызметтерде болды. Алайда, өмірінің басым бөлігін дерттің алдын алудағы зор маңызға ие дұрыс тамақтану мәселесімен ғылыми негізде түбегейлі айналысуға арнаған адам. Оның есімі еліміздегі Ғылым академиясының Тағамтану инстиутын ұйымдастырушысы, әлем бойынша Халықаралық тағамтану орталығын құрушылардың бірі ретінде құрметпен аталады.***

***Ғылым мен техника саласындағы зор жетістіктеріне орай екі мәрте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанған Төрегелді Шарманұлы әлемдік денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін 2005 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ең жоғары марапаты Леон Бернард атындағы сыйлыққа ие болды.***

***Мемлекеттік дәрежедегі басқалай марапаттары да жеткілікті. Соның кейбірін атап өтер болсақ, «Қазан революциясы», «Халықтар достығы», «Парасат», «Достық», «Барыс» ордендерінің және бірнеше медальдің иегері, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты. Алматы және Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы.***



Төрегелді Шарманұлы 1930 жылы 19 қазанда Ұлытау ауданында дүниеге келгені белгілі. Мектепті алтын медальмен, институтты қызыл дипломмен бітірген алғыр жас білімге құштар әрі зеректігімен ерекшеленсе керек. Қарағанды мемлекеттік медициналық институтын бітірген соң аспирантурада оқуға қалды. Болашақ ғылыми ізденістеріне де сол кезде негіз қаланғаны анық. Көп кешікпей кандидаттық ғылыми еңбегін қорғады. Еңбек жолын туған жердегі аудандық аурухананың бас дәрігері болудан бастады. Үш-төрт жылдан соң Төкең сол кездегі астанаға ауысып, 1962-1968 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтында тағамтану бөлімінің меңгерушісі болды. Осылайша тағамтану әлемінің құпиясын ашуға нық қадам басқанын өзі де аңғармай қалды. Кейін Ақтөбе медициналық институтының кафедра меңгерушісі, ректоры қызметінде жүргенде де осы тың тақырыптың түйткілдерін жанына жақын көріп, көңілде ұстаған еді.

Алға қойған осы биік мақсат Кеңес одағындағы Медицина ғылым академиясы Тағамтану институтының республикадағы филиалын құруға итермеледі. Одақ ғалымдары бұған қолдау білдірді. Төрегелді Шарманұлы 1973 жылдан бастап өз ұсынысы бойынша құрылған филиалдың директоры болды. Кейіннен аймақтық тағам проблемалары, қазіргі уақытта Қазақ тағамтану академиясы атанып отырған бұл бірегей орталық адамдардың тамақтану физиологиясы мен иммуниологиясы, биохимиясы мен гигиенасының кең ауқымды проблемаларын қамтыған кешенді зерттеулер жүргізді. Адам организміндегі темір тапшылығы анемиясы мен йод жетіспеушілікті жою, сәбилерді ана сүтімен қоректендіруді қолдау сияқты бағдарламалардың халықаралық деңгейдегі жетекшісі болған Төкеңнің тікелей қолға алуымен ТМД елдерінде теңдесі жоқ Балалар тағамының орталығы құрылған болатын. Бұл абзал азаматтың ойға алған асыл армандарының бірі еді.

Балалар тағамдарын жетілдіру мәселесін бұл кісі министр болған кезеңде де ұдайы назарда ұстағаны белгілі. Жалпы Төрегелді Шармановтың Қазақстанның Денсаулық сақтау министрі кезіндегі атқарған істері айтарлықтай айшықты іздерге толы болғанын еске алып өтсек артық емес. Әйгілі Алматы Декларациясын қабылдаған Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымы конференциясының Алматыда өтуі қазақтан шыққан КСРО Медицина Ғылым академиясының тұңғыш мүшесі, министр Шармановтың әлемдік медицина саласы қайраткерлерінің алдындағы зор беделін көрсеткен еді. ДДҰ мұның алдында, 1976 жылы Женевада өткен алқалы жиынында жылжымалы медициналық жедел көмек мәселесіне арналған кезекті конференциясын Кеңес Одағында өткізу туралы шешім қабылдайды. КСРО Денсаулық сақтау министрі Б.Петровский оны Ташкентте өткізуді қолайлы көреді. Талқылау барысында елге бір шапағаты тиетінін көздеген Т.Шарманов Алматыны ұсынып, бұл мәселе біршама дау-дамайға ұласып кете жаздайды. Ең соңында мәселе КОКП Саяси бюросының мүшесі, Қазақ республикасының басшысы Дінмұхамед Қонаевтың араласуымен Алматының пайдасына шешіледі. Бұл сол заман үшін өте тәуекелшіл ұсыныс болатын. Конференцияға халықаралық беделді ұйым басшыларымен қатар әлемнің 146 елінің денсаулық сақтау министрлері бастаған делегациялары қатысатын ауқымы заңғар шара еді.

►►*4-бетте*

# ЖОСПАР – АУҚЫМДЫ, ЖҰМЫС – ҚАРҚЫНДЫ

***Өткен аптада Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Жезқазған қаласына жұмыс сапарымен келді. Облыс басшысы атбасын бұрған бірқатар нысандардың ішінде ауыз су тазалау мекемесі де бар. Жеңіс Махмұдұлына 2018 жылдан бері жүзеге асып жатқан су тазалау жүйесін қайта құрылымдау жобасы таныстырылды.***



Бірден айту керек, сапалы ауыз су тапшылығын сезініп отырған аймақ халқы үшін көпшілік гидроцех атап кеткен бұл мекеменің маңызы зор. 1966 жылдан бері ел игілігіне қызмет етіп келе жатқан нысан бүгінде техникалық тұрғыдан да, технологиялық тұрғыдан да тозған. 2018 жылы қайта құрылымдаудың бірінші кезеңі бойынша басқарма, күзет ғимараттары жөнделсе, енді екінші кезекте негізгі бөлігі, яғни су тазалау ғимараты жаңартылмақ. Ауқымды жобаның сметалық құжатының мерзімі өтіп кетуіне байланысты қайта жасалуда. Әу баста 10,6 млрд теңге деп жоспарланған жоба қазір қайта нақтылану үстінде. Әзір белгілісі нақты су тұтыну мөлшері мен болашақтағы өсімді есептей келе мамандар екі блоктан тұратын (тәулігіне 80 000 және 40 000 текше метр) су тазалау жүйесінің бірінші блогын модернизациялап, тәулігіне 40 мың текше метр су тазалайтын екінші бөлігі қажеттілікке қарай қосалқы қызмет атқаратын болады деп шешіпті. Жоба ойдағыдай іске асса, су тазалаудың заманға сай мембрана жүйесі (обратный осмос) тәулігіне 66 мың текше метр таза су алуға мүмкіндік береді. Жобаның үшінші кезегінде таза су жинағыштар, құбырлар мен басқа да инженерлік желілер жаңартылатын болады.

Жобамен танысқан облыс әкімі сметалық құжат сараптамадан ойдағыдай өтсе, қаржы мәселесін шешуге барын салатынын жеткізді.

Гидроцехта сонымен бірге аймақ басшысына Айдос-Үйтас су құбырының жағдайы мен Есқұла жер асты су көзінен алынатын суды Жезқазғанға жеткізу мүмкіндіктері де таныстырылды. Есқұла су жинағышын Жезқазған қаласын сумен қамтуды ескере отырып қайта құрылымдау, жаңа су құбырын тарту жобалары ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі су ресурстары комитеті тапсырысымен жүзеге асуда. Бас жобалаушы – «Қазақмыс» корпорациясының Бас жобалау институты, бас мердігерлер – «ҚазСуШар» РМК мен «CK-Kaz Alem» ЖШС.

Жеңіс Махмұдұлы басқа да бірқатар нысандарды аралап, артынша Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының биылғы 8 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және жыл соңына дейінгі жоспарлары туралы үш әкімнің есебін тыңдады.

►►*3-бетте*




## *Құрметті жезқазғандықтар, қала қонақтары!*

*Жыл сайын 18 қазанда еліміз Рухани келісім күнін атап өтеді. Бұл дәстүрдің негізі 1992 жылдың қазан айында Алматы қаласында өткен Дүниежүзілік Рухани келісім конгресінің бірінші сессиясында қаланды.*

*Ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстандық қоғамда бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал ететін біздің басты игілігіміз. Мәдениетаралық және дінаралық диалог бүгінде Қазақстан Үкіметінің тек ел ішінде ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастық шеңберінде жүзеге асырып отырған саясат векторларының бірі болып табылады.*

*Достық пен бірліктің нағыз үлгісін біздің қаламыздың 9 діни бірлестіктері мен 8 этно-мәдени орталықтары көрсетуде. Біз әсіресе қиын пандемия кезеңінде құдайға құлшылық ету, діни, ұлттық рәсімдер мен жиналыстар, ұлттық мерекелерді тойлау тоқтатылған кезде ерекше өзара түсіністіктіктің куәсі болдық. Осы орайда жезқазғандық еріктілер қозғалысына атсалысып, тәулік бойы бекеттерде тұрған медицина, полиция қызметкерлеріне көмек қолын созғандардың барлығына шексіз алғысымды білдіремін. Тек ізігілік пен ақыл-парасат әлемді сақтамақ! Бұл ақиқат!*

*Қымбатты достар, ешбір қиындықтарға қарамастан, біз рухани біргеміз! Біздің мықтылығымыз осында! Мереке құтты болсын!*

**Жезқазған қаласының әкімі** **Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### «МЕН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙМІН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ АЯҚТАЛДЫ

***Өзге ұлт өкілдері арасында ұйымдастырылған «Мен қазақша сөйлеймін!» атты республикалық байқау мәресіне жетті.***

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған байқаудың шарты бойынша үміткер қазақтың «Батырлар жырынан» біреуін жатқа мәнерлеп оқып беруге тиіс болды.

– Мемлекет басшысы «Ана тілі» газетіне берген өзінің арнайы сұхбатында қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдау туралы тапсырма берген болатын. Бұл акцияның мақсаты – жастарды еліне деген сүйіспеншілік, адалдық, еңбекқорлық, ар-намыс тәрізді адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу және қазақ тілін ұлтаралық қатынас тіліне айналдыруды кеңінен насихаттау. Қатарыңыздың көптігі, әрбіріңіздің жан-жақты дайындығыңыз көңіл қуантпай қоймайды, – деді қорытынды бас қосуда құттықтау сөз сөйлеген Тіл комитетінің төрағасы Әділбек Қаба.

«Тіл-Қазына» орталығының бас директоры, жазушы Әлібек Асқардың пікірінше, еліміздің он төрт өңірі мен үш қаласынан еңбектеген сәбиден еңкейген кәріге дейін 20 этнос өкілінен құралған 243 үміткер қатысқан. «Қобыланды батыр» жыры байқау барысында 76 рет толғанса, одан кейін «Алпамыс батыр» эпосы тұр.

Қатысушылардың жас ерекшелігіне көз жүгіртсек, ең жасы –Нұр-Сұлтан қаласы «Бәйтерек» балабақшасының тәрбиеленушісі 5 жасар Мария болса, үлкені – Шымкент қаласының тұрғыны, зейнеткер Фаткульбаянова Насима Борисқызы екен.

Бала күнімізден «Батырлар жырын» басымызға жастанып өскен халықтың ұрпағымыз ғой. Сан ғасырлар қойнауынан келе жатқан жыр жауһарларынан өзге ұлт өкілдерінің екі айдан астам уақыт бойы сөз маржанын төккенін көргенінде, қазақ тілінің болашағы туралы еріксіз үлкен үмітпен ойланып қаласың, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Батырлар жырынан» басқа, патриоттық рухтағы поэзиялық шығармалар мен тарихи тақырыпқа арналған баллада-дастан оқығандар болды.

«Батырлар жырынан» үзіндіні мәнерлеп жатқа оқып, әлеуметтік желіде ең көп лүпіл жинаған төмендегі азаматтар жүлдегер болып анықталды. Олардың әрқайсысына 30 мың теңге көлемінде сыйлықақы берілді.

Бұдан басқа мәнерлеп оқып, шеберлік көрсеткен тағы 10 үздік қатысушы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының дипломымен марапатталды.

Шара модераторы орталық директорының орынбасары Айдос Тұрсынбайұлы мәлімдегендей, бұл байқаудан ешкім құр алақан қалған жоқ. Өйткені арамызда қазақ тілінде сөйлемейтін немесе сөйлесем, жаңсақ айтып күлкі боламын-ау деп әлі де болса тартынып, орынсыз қысылып жүргендерге бұлардың әрқайсысының батыл әрекеті үлгі боларлық. «Батырлар жырынан» жатқа үзінді оқып, қазақ тілін насихаттау бойынша қосқан үлесі үшін барлық талапкерге «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бас директорының Алғыс хаты табысталды.

### МЕМҚЫЗМЕТШІГЕ БЕРІЛГЕН СЫЙЛЫҚ ҚАЙДА ЖІБЕРІЛУІ КЕРЕК?

***ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілер мен олардың отбасына сыйлық беруге тыйым салу нормасын түсіндірді.***

7 қазанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Яғни, аталған Заңда мемлекеттік қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне сыйлық беруге тыйым салу нормасы қатаңдатылған. Бұған дейін Заңда мемлекеттік қызметшілерге құны 10 АЕК-тен асатын сыйлық алуға тыйым салынған болса, қазір сыйлық құнының мөлшері маңызды емес. Мемлекеттік қызметшіге және оның отбасы мүшелеріне келіп түскен барлық сыйлықтар, тіпті олардың хабарынсыз келген сыйлықтар да жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқарушы органға берілуі тиіс. Бұл сыйлықтарды белгіленген тәртіппен сатып алу мүмкіндігі де сақталады, – деді ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Д.М.Жазықбаев агенттікте өткен брифингте.

Алайда, бұл тыйым жұмыстағы жетістіктері үшін және қызметкерлерді көтермелеудің заңды тәсілі ретінде заңмен көзделген өзге де еңбегі үшін марапаттауда қолданылмайды.

Тағы бір атап өтерлік жайт, жоғарыда көрсетілген заңнамалық шектеу мемлекеттік қызметшінің жеке өміріндегі жағдайларға қолданылмайды. Мысалы, отбасылық-салтанатты іс-шаралар жағдайында ол жақындары мен туыстарынан сыйлықтар ала алады.

Заңда сыйлықтарды мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға беру, сыйлықтарды бағалау және сату мәселелері нақтыланған. Жергілікті атқарушы органдар енді бұл мәселелермен айналыспайды. Жоғарыда айтқанымдай, мемлекеттік қызметшілердің сыйлықты сатып алу құқығы сақталды. Мемлекеттік қызметші немесе оның отбасы мүшелерінің хабарынсыз шотқа түскен ақша олар анықталғаннан кейін 2 апта ішінде мән-жайы түсіндіріле отырып, республикалық бюджетке аударылуы тиіс, – деп түсіндірді Д. Жазықбаев.

Сонымен бірге, Азаматтық кодекстің 509-бабына енгізілген өзгеріске сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге кез-келген құнды сыйлықтарды сыйға тартуға тыйым салынады. Яғни, Азаматтық кодекстің аталған бабының мемлекеттік қызметшілерге қатысты сый тарту мәселелерін реттейтін ережелері қайта қаралып, оның талаптары өзге заңнамалармен, оның ішінде, Қылмыстық және Әкімшілік кодекстермен сәйкестендірілді.

### ЖАЗДА КОРОНАВИРУСПЕН АУЫРҒАНДАР ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЙТА СЫРҚАТТАНУЫ МҮМКІН

***Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой адам ағзасындағы антидененің жойылуына байланысты елімізде коронавирустан бұрын жазылып шыққандар қайта сырқаттануы мүмкін екенін ескертті.***

Ғалымдардың әртүрлі пікіріне сүйенсек, коронавирусты жеңіл көтерген азаматтардың ағзасында антидене 1 ай уақытқа, ал орта немесе ауыр көтергендердің ағзасында 3-5 айға дейін сақталады. Біздің елде коронавирус жұқтырудың шарықтау шегі осы жылдың маусым-шілде айларына келгені белгілі. Егер біз талдау жасап көрсек, аталған уақыттан 3-5 айдан кейін, яғни қараша-желтоқсан айларында коронавирусты орта немесе ауыр жағдайда көтергендердің ағзасында антиденелер құрып бара жатыр. Сол себепті олардың қайтадан ауруға шалдығу ықтималдығы, қаупі бар, – деді Алексей Цой баспасөз мәслихатында.

Денсаулық сақтау министрі әлемде коронавирусты қайта жұқтыру жағдайы тіркелгенімен, Қазақстанда мұндай адамның әлі кездеспегенін мәлім етті.

### EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ДОНОРЛЫҚПЕН КЕЛІСУГЕ НЕМЕСЕ ОДАН БАС ТАРТУҒА БОЛАДЫ

**eGov.kz *порталында трансплантация үшін тіндерді немесе мүшелерді сыйға тартуға келісім беру немесе бас тарту бойынша онлайн қызмет қол жетімді.***

Қызметті алу үшін электрондық үкімет порталында, «Денсаулық сақтау» бөлімінде авторлану қажет, «Трансплантттау мақсатында қайтыс болғаннан кейін оның тіндерін (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларын (ағзалардың бөлігін) алу мүмкіндігі туралы көзі тірісінде ерікті түрде қайырмалдыққа келісімді немесе келісімді қайтарып алуды тіркеу» қызметін таңдау қажет. Бұдан әрі пайдаланушы «Келісімді қайтарып алуды тіркеу» немесе «Келісімді тіркеу» өтініш түрін таңдайды.

Мамыр айында заңға түзету енгізілді, ол халық арасында үлкен қолдау тапты. Бүгін халықпен кері байланысты ескере отырып, органдарды алуға келісімді ресімдеуге немесе бас тартуға мүмкіндік беретін қызмет әзірленді. Бұрын бұл үшін сіз тіркелген емханаға барып, өтініш жазу қажет болатынсыз, қазір үйден шықпай-ақ рәсімдей аласыз, – деп түсіндірді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Әсет Тұрысов.

Келісімді тіркеген жағдайда, пайдаланушылардың трансплантттау мақсатында белгілі бір органдарды таңдау мүмкіндігі бар, олар eGov.kz порталы арқылы өтінім берген кезде көрсетіледі.

## БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

***Қазіргі күні еліміздің полигондарында 40 млрд тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық жинақталған. Жыл сайын оның үстіне 5 миллион тонна қоқыс қосылып отырады. Ал өңделетіні тек 15 пайыз.***




# ҚАЗАҚСТАН ҚОҚЫСТЫ НЕГЕ АҚШАҒА АЙНАЛДЫРА АЛМАЙ ОТЫР?

### *Қазақстанда қоқыс та, проблема да көп*

Біз қатты тұрмыстық қалдықты қоқыс десек, дамыған елдер оны «байлық» деп бағалайды. Мысалы, Швейцарияда қоқыс полигоны жоқ. Мұндағы қалдықтардың 99 пайызы қайта өңделеді. Ал Германия тұрмыстық қалдықтардың 68 пайызын өңдеп, оны жыл сайын 50 млрд еуро көлеміндегі табысқа айналдырады. «Қазақстан – 2030» стратегиясында Елбасы Сингапурге ұқсауды меже етіп қойды. Сол елдегі энергия қуатының үш пайызы осы қалдықтардан алынады.

Олай болса біздегі «байлық» бүкіл елді энергиямен қамтуға жететін шығар. Алайда бізде қоқыс та көп, оны кәдеге жаратудағы проблема да аз емес. Тұрмыстық қалдықтарға қатысты мәселелер еліміздегі заңнамаларға, соның ішінде Экологиялық кодекске өзгертулер енгізу қажеттігін тудырды. Осыған орай еліміздің Экологиялық кодексіне қалдықтарды бөлек жинау мен оларды өңдеу мәселесіне орай бірқатар түзету енгізілді. Бүгінгі күні қатты тұрмыстық полигондарға қоқыстың 12 түрін тастауға рұқсат етілмесе, 2019 жылдан бастап оның тағы үш түріне – пластик, макулатура, шыныға тыйым салынды. Ал 2021 жылдан бастап бұл тізімге құрылыс материалдары мен азық-түлік қалдықтары да енгізілмек. Осы шара арқылы министрлік қалдықтарды өңдеу көрсеткішін көбейтіп, тұрғындардың қоқысты сұрыптау ісін кіріктіруді көздеді.

Көмуге тыйым салу талап етілгенімен, жергілікті жерде қоқысты сұрыптау мәселесі шешілмей отыр. Экология, геология және табиғи ресурстарды қорғау министрлігінің берген мәліметіне сүйенсек, бүгінде елімізде 200-ден астам қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеумен айналысатын кәсіпорын бар. Олардың күшімен биыл қоқысты өңдеу көрсеткіші 15 пайызға жеткізілді. 2030 жылға дейін оны 40 пайызға жеткізу көзделіп отыр. Алайда «KazWaste» қалдықтарды басқару қауымдастығы осы межеге жеткізу үшін саладағы проблемаларды жүйелі түрде шешу керек дегенді алға тартады. Өйткені дәл қазіргі күні бизнес үшін қоқыс өңдеу мен сұрыптайтын кәсіпорын ашу тиімсіз болып отыр.

«KazWaste» қалдықтарды басқару қауымдастығының төрағасы Шынболат Байқұловтың айтуынша, қоқысты жинау мен оны полигондарға тасымалдау жүйесі болмағандықтан көптеген елді-мекенде оны өртейді немесе үйінді етіп жинайды. Мұндай жағдай еліміздің ауылдарының бәріне тән. Өйткені қатты тұрмыстық қалдықтарды утилизациялаумен айналысатын компаниялардың әр елді-мекенің қоқысын шығаруға қаржылық жағынан қауқарсыз. Ал тау болып үйіліп жатқан тегін шикізатты өнімге айналдыруға ниеттілер жоқ емес, бар. Бірақ инвесторларға қойылатын талап пен тарифтің төмендігі бұл саланың дамуын тежеп отыр. Қоқыс өңдеу үшін полигонды жалға алатын кәсіпкерлерге қоқыстан тазартылуға тиіс аумақты да қосып береді. Ол – бір.

Мемлекеттің қолдауынсыз бұл саланың болашағы жоқ. Сұрыптаушы, қайта өңдеуші кәсіпорындар мен полигондар бір жүйенің қолында болуы керек. Не жеке меншік тұлғаның, не мемлекеттің. Алайда бізде полигондар мемлекеттікі, ал кәсіпорындар кәсіпкердікі, – дейді қауымдастық төрағасы.

Қайта өңдеудің тиімді әдісін жасау үшін полигондағы қалдықтың құрамын зерттеу маңызды. Қазақстандағы қалдықтар өте агрессивті, көп жағдайда олардың көбі өңдеуге келмейтін улы болып жатады. Жалпы алғанда полигондағы қоқыстың 46 пайызға жуығы ғана жарамды болады екен.

Статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, соңғы жылдары арнайы кәсіпорындар 4 млн тоннаға жуық қоқыс жинаса, оның 17 пайызы ғана сұрыптаудан өтіп, тек 160 мың тоннасы ғана қайта өңдеуге жарамды болып шыққан. Демек, полигонға жеткізілген қоқыстың тек төрт пайызын шикізат ретінде пайдалануға келеді.

### *Тарифтің төмендігі де тежеу*

Қауымдастық мамандарының айтуынша, өңделетін қоқыс тоннасы үшін бекітілген тариф те басқаша есептелуі тиіс. Көптеген дамыған елде тарифтен түскен қаржының 45-50 пайызын өңдеуші кәсіпорындар, 40 пайызын қалдықтарды тасымалдаушылар, 10 пайызын полигондар алады. Ал еліміздегі арифметика басқаша: 65 пайызы тасымалдаушыға, яғни қоқысты шығарушы кәсіпорындарға тиесілі. Тек 17 пайызы оны өңдеуші кәсіпорындардың, 18 пайызы полигонның еншісінде. Ал полигонда қоқыс тек сақталады, рекультвациялау ісі де өте төмен деңгейде дейді олар. Қазақсанда полигондардың тек 15 пайызы заңдастырылған әрі әлемдік стандарттар бойынша жұмыс атқармайды. Талап бойынша, қоқыс әрбір 25-30 сантиметр сайын топырақ төселіп, көмілуі тиіс. Бұл технология фильтраттар мен зиянды газдардың мөлшерін төмендетуге септігін тигізеді. Алайда көрсеткіш мынандай болған соң, талаптардың қаншалықты сақталып отырғаны туралы айту қиын.

Тарифтің үлескерлік мөлшерінен бөлек, оның төмендігі де қатты тұрмыстық қалдықпен жұмыс істейтін кәсіпорындардың көбеюін тежеп отыр. Қазақстандағы қатты тұрмыстық қалдықтарға қатысты бекітілген тариф 84 - 553 теңге аралығында. Жоғары көрсеткіш Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында. Біріншісінде – 553 теңге, екіншісінде – 390 теңге. Ал ең төменгі тариф Таразда – 84 теңге. Өзге қалаларда 100-300 теңге аралығында.

Алайда тарифтің төмендігі тұрғындар үшін тиімді болғанымен, кәсіпорындар үшін шығынды. Қазақстанда жыл сайын коммуналдық қызметтер бағасы қымбаттап жатыр, соған орай арнайы техниканың құны да жоғарылауда. Бірақ тұрмыстық қатты қалдықтардың тарифі еш өзгеріссіз қалып отыр. Оның үстінде қала тұрғындарының саны да күн санап артып келеді. Қатты тұрмыстық қалдықты шығаруға ақы төлеуден бас тартып, жылдар бойы коммуналдық төлем жасамайтын тұрғындар да кәсіпорындардың жұмысына зардабын тигізеді. Жалпы үлкен қалалардағы халықтың 60-80 пайызы ғана қызметті уақытылы төлейді. Сондықтан қоқысты шығару, сұрыптау мәселесінің шешілуіне осындай факторлар да әсер етеді, – дейді қауымдастық төрағасы.

Кей қалалар мен елді-мекендерде тариф деген атымен жоқ екенін де атап өткен жөн. Сондықтан қауымдастық өкілдері қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешудің бір жолы тарифті бекіту және көтеру деп есептейді. Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Пірімқұлов та қалдықтарды утилизациялауға арналған форум барысында айтқан болатын.

Қоқыс шығарудың тарифін өсірмей, елдегі қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу мүмкін емес. Оларды қаржыландыратын өзге жол жоқ. Сонымен қатар әр өңірдің ерекшеліктері мен қалдықтар мөлшері, материалдық жағдайы ескерілуі тиіс. Бұл жай ғана тариф емес, дифференциалды болуы қажет, – деді ол.

Экология министрлігінің бізге берген мәліметіне сүйенсек, Энергетика министрлігі 2016 жылдың 1 қыркүйегіндегі қатты тұрмыстық қалдықты шығару, жинау, сұрыптау және көмуге арналған тарифті бекітудің әдістемесін қабылдады. Бүгінгі күні тек Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында тарифтер аталмыш әдістемеге сәйкес реттелді. Ал қалған өңірлерде сол күйінде қалып отыр. Әдістемеде қалдықтармен жұмыстың барлық шығындары қарастырылған.

Еліміздің Экологиялық кодексі бойынша, жергілікті атқарушы орган қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару мен өңдеу, сұрыптау мәселесіне қатысты тарифті өзі бекітеді. Қазіргі күні республикадағы орташа тариф жеке тұлғалар үшін 235 теңгені, заңды тұлғалар үшін 1438 теңгені құрайды. Бұл тариф кәсіпорындардың шығынын ақтамайтынын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Осылайша, олар шығынмен жұмыс істеуге мәжбүр. Бұл саланың дамуына кедергі келтіріп отырған фактордың бірі осы. Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы кәсіпорындарды қоспағанда еліміздегі барлық кәсіпорын минуспен жұмыс істейді немесе шығындарын қосымша өндіріс арқылы жабады. Ал осыдан кейін оларға қоқысты сұрыптауға арналған құрылғы сатып ал, оларды өңде деген талап қою қаншалықты орынды? Көмуге болмайды, өңдеу үшін сұрыптау қажет. Сондықтан тарифті көтеріп, сұрыптау ісіне тұрғындарды тарту қажет, – дейді қауымдастық төрағасы.

### *Күл болмасаң, бүл бол*

Көмілетін қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемін азайту мақсатында министрлік «Waste to Energy» энергетикалық утилизациялау механизмі дайындалуда. Оның негізінде қайта өңдеуге келмейтін қалдықтар мен органикалық қалдықтарды өртеу көзделген. Алғашқы кезеңде, яғни 2024 жылға дейін 6 қоқыс өңдейтін зауыт салу жоспарланған. Олар қоқыс ең көп жиналатын Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Атырау және Тараз қалалары. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы жыл сайын жиналатын 5 млн тонна қалдықтың 30 пайызын өңдеуге мүмкіндік береді дегенді алға тартып отыр министрлік. Қауымдастық өкілдері бұл жобаға қарсылығымыз жоқ, тек өзге салалар назарсыз қалмаса екен дейді.

Экология, геология және табиғи ресурстарды қорғау министрі Мағзұм Мырзағалив баяндамаларының бірінде қатты тұрмыстық қалдықтарды өртеу арқылы электр энергиясын өндіру туралы айтқан болатын. Министрліктің есептеуі бойынша аталмыш бизнес өз шығындарын жауып қана қоймай табысқа шығатындай жағдайда болады. Өйткені мемлекет тарапынан оған салықтық жеңілдіктер қарастырылмақ.

Мемлекет тұрмыстық қалдықтарды өртейтін кәсіпорындарға басымдық беруді көздеп отыр. Біз өртеуге қарсы емеспіз. Алайда тұрмыстық қалдықты өңдейтін, сұрыптап, нәтижесінде өнім алатын кәсіпорындарға неге көңіл бөлмеске. Олар жұмыс орындарын ашады, салық төлейді, – дейді қауымдастық төрағасы.

Қайта өңдеу үшін шикізатты шетелден алады

Қатты тұрмыстық қалдықтан дайын өнім алатын кәсіпорындардың да табысы аспандап тұрған жоқ. Пайда 4 пайыздан аспайды дейді Қостанай облысындағы «Фабрика нетканых материалов S.M.F.-System» ЖШС басшысы Жандос Жақсыбаев.

Кәсіпорын қатты тұрмыстық қалдықты сұрыптаумен және пластикті қайта өңдеумен айналысады.

Дайын өнімді алу үшін құр пластикті өңдеу жеткіліксіз. Мысалы, құбырлар шығару үшін қосымша шикізатты шетелден аламыз. Әр өндірілетін тауар үшін осылай. Мұның бәрі инвестицияны қажет етеді. Сондықтан қайта өңдеу деген өте шығынды процесс. Мемлекеттің қолдауы мен пайыздарды субсидиялау мен салықтық жеңілдіктер қарастыру қажет, – дейді ол.

Қауымдастық басшысы Шынболат Бақұловтың айтуынша, қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында несиелендіру, пайыздарды субсидиялау қарастырылған. Алайда бұл туралы білетіндер мен оны пайдаланатындар аз. Олардың көбінің айтатыны бір – бұл бизнестің тәуекелі өте көп.

**Лаура ТІЛЕУБАЙҚЫЗЫ**

Дереккөз: **BAQ.kz**



# «ЖАЛҒАН ТЕРРОРИЗМГЕ» ЖАЗА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

***Соңғы жылдары елімізде террорлық әрекеттер жайында қасақана жалған ақпарат берушілер саны біршама артыпты. «Жалған террористер» телефон қоңырауы арқылы адамдар қарасы қалың сауда орталықтарында, әуежайлар мен сапаржайларда, мейрамханаларда жарылыс зат бар деп елді дүрліктіргенді құп жақсы көреді. Күнделікті өмірде көп ести бермегенімізбен олардың саны өзге қылмыстардан оқ бойы озып келеді.***

ҚР ІІМ ресми ақпараты бойынша елімізде соңғы 5 жылда жалған терроризмге қатысы бар деген күдікпен 290 адам ұсталса, оның ішінде 258 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 2019 жылы террорлық акт туралы 110 хабарлама жасалып, олардың барлығы да террорлық іс-әрекет жайында жалған ақпарат бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Отпен ойнап жаза тартқандар саны биыл да азаяр емес. Әсіресе, еліміздің үлкен қалаларында жалған дақпырт таратушылар жетерлік.

Осыдан бірнеше жыл бұрын жалған қоңырау шалып, екі жылға бас бостандығынан айрылған мұғалім туралы хабар қоғам арасында зор резонанс тудырған болатын. Оның өмірде жақсы кісі екенін айтып, қол жинаған жүзге тарта адамның іс-әрекетін сот елеген де жоқ. Себебі, қандай қылмыс болмасын әділ әрі лайықты жазасын алуы керек.

Жас нәрестесі бар 31 жастағы ана да сот шешімімен түрме ішіндегі екі жылды арқалап кете барды.

Мамандардың айтуынша, әдетте терроризм жайлы жалған хабар беретін қылмыскерлер бұл әрекетке мас күйінде барады екен. 2020 жылдың басындағы статистика мәліметінше еліміздегі әрбір сегізінші қылмысты ес-түсінен айрылғанша ішімдікке тойып алғандар істейді. Дегенмен олардың ес жинап, мастығы тарқағаннан кейінгі түсініктері заң алдындағы жауапкершіліктен қашуға себеп болмақ емес.

Жалған терроризммен айналысқанды қызық көретін келесі бір топ – жасөспірімдер. Қанша жерден ересек адамдардың дауысын салып ақпарат таратқанымен балалар да жазадан қаша алмайды. 14 жасқа толған жасөспірім тиісті жазасын алады. Сонымен қатар, баланың ата-анасы да қылмыстық жауапкершілік жүгін арқалайды. Аталған жағдайда баласына дұрыс қарамағаны үшін ата-аналарға айыппұл салынады. Әдетте, жалған террорлық әрекетпен денсаулығында психологиялық ауытқуы бар адамдар, діни экстемистер және өз жұбайынан немесе бизнес серіктесінен кек алғысы келетіндер де айналысады.

Сонымен, жалған террорлық әрекетке барған қылмыскердің жазасы қандай? Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 273-бабына сәйкес жалған террорлық әрекетке барып, өтірік хабарлама таратқандарға 5000 АЕК көлеміндегі айыппұл салынады немесе екі жыл бас бостандығынан айырады.

Жаза қаншалықты ауыр болса, осындай қылмыстық әрекеттен қоғам қауіпсіздігі мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына келетін нұқсан да аз емес. Мәселен, құқық қорғау органдарына әуежай немесе сауда орталығында бомба бар деп жалған қоңырау жасалды делік. Алғашқы әрекет мамандардың ғимараттағы мыңдаған адамды қауіпсіз жерге көшіруінен басталады. Сосын бірде-бір жерді қалдырмай жарылғыш затты іздей бастайды. Бұндай жағдайда әуежайдағы барлық әуе рейстері тоқтайды. Ірі сауда орталықтары сағатына млн теңгеге дейін шығынға ұшырайды. Міне, осылайша қаншама әуре-сарсаң орын алады. Сосын, бүгінгідей заманда жалған қоңырау шалған адамды арнайы зерттеу құрылғыларының көмегімен тез тауып алуға болады. Өзгелердің уақыты зая кетеді. Қаншама сағат бомба іздеумен айналысқан мамандар шынымен көмекке мұқтаж басқа бір жердегі адамдарға қол ұшын соза алмай қалуы мүмкін. Сондай-ақ,қарап жүрмей өз басыңызды қатерге тігіп, қылмысты боласыз. Сондықтан, қандай жағдай болмасын, заң тыйым салған әрекеттерге бармаған жөн.

Осы тұста ескерерлік тағы бір жайт – шынымен де террорлық әрекет орын алды деген күдігіңіз болса, 102 байланыс нөміріне хабарласқаныңыз дұрыс. Бірақ бұл жерде сіз өзіңізді толық таныстырып, күдігіңіздің себебін айтасыз. Соған сай жедел қызмет мамандары оқиға орынына жетіп, мәселенің анық-қанығына көз жеткізеді.

**Бақыт БРАЛИНОВА,**
**Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің бас маманы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ЖОСПАР – АУҚЫМДЫ, ЖҰМЫС – ҚАРҚЫНДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*




Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров облыс басшысына 8 айда атқарылған жұмыстар мен жыл соңына дейінгі, келер жылғы жоспарларды таныстырды.

Қаланың 8 айдағы және жыл қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуы оң динамикамен болжануда. Экономика өсімі 105 пайызды құрайды. Жоспарланған көрсеткішілер орындалады. Индустриялық-инновациялық даму аясында 2021 жылы жалпы құны 10 млрд теңгені құрайтын 3 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Оның алғашқысы «Қазақмыс» корпорациясының қара мыс концентратын гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауыты болса, екіншісі – «Қазхимсинтез» ЖШС өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыты. Сонымен бірге, келер жылы «С и Жест» ЖШС-ның құрылыс материалдарын шығаратын зауыты да іске қосылмақ, – деді өз баяндамасында Жезқазған әкімі Қайрат Әбсаттаров.

Қайрат Бектайұлының айтуынша, бұл жобаларды жүзеге асыру өнеркәсіп өнімінің көлемін 3 пайызға, негізгі капиталға құйылатын инвестиция көлемін 1,5 есе, бюджетке түсетін түсімді 1 млрд теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік бермек.

Сондай-ақ, келер жылы «KazGreenEnergy» ЖШС-ның биоэлектр стансасы іске қосылмақ. Заманға сай «жасыл» технологиялармен жабдықталған станса тұрмыстық қалдықтарды шикізат ретінде пайдаланып, электр энергиясын өндіреді. Құны 8,2 млрд теңгені құрайтын жоба іске қосылғанда жылына 55,2 млн кВт электр энергиясын өндіретін болады. Естеріңізге салсақ, осы «KazGreenEnergy» ЖШС бұған дейін қуаты 10 мВт болатын күн электрстансасын іске қосқан еді.

Осы ретте қала басшысы Қайрат Әбсаттаров қоқыс шығару жұмысының сапасын арттыру үшін алдағы уақытта екі кезеңмен тарифті көтеру жоспарланып отырғанын жеткізді. Бүгінде тұрмыстық қалдықты шығару бойынша ең төменгі тариф біздің қалада екен. Салыстыру үшін айта кетсек, Жезқазғанда бұл тариф адам басына 110,77 теңге болса, Қарағандыда 207 теңге, Теміртауда 320,15 теңге, Балқашта 152,41 теңгені құрайтын көрінеді.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласында жалпы құны 2,2 млрд. теңге болатын 5 жаңа инвестициялық жоба жоспарлап отыр. Оның екеуі алдағы жылы іске қосылмақ («Ахтямов» шаруа қожалығының құс етін өндіру» жобасы және («Жаналинов» шаруа қожалығының бордақылау алаңын ашу» жобасы).

Алдағы 2022-2023 жылдары Талап суару жүйесінің магистральдық каналымен Жезді су қоймасын қайта жаңартуды жүргізу, «Самади – 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Ұн тарту кешені» жаңа жобасымен біріктіру арқылы «Нан өнімдері» акционерлік қоғамы қызметін қалпына келтіру», «Айыртау Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 500 басқа (ірі қара мал) арналған бордақылау алаңының құрылысы сынды тағы үш жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, алдағы жылы ауылшаруашылығы дақылдары егіс алқаптары 130 га дейін ұлғаяды. Сондай-ақ, қазір «Inter Trade KZ» ЖШС-ның «Инновациялық технологияларды қолдана отырып жемшөп өсіру» жобаларын іске асыру мәселесі пысықталуда. Бұл жобаларды енгізу кезінде халықтың ұнға деген қажеттілігі 100,2%-ға (1 197 тонна), ет өнімдеріне – 65%-ға дейін (қазіргі таңда 40,4%), құс етіне 125%-ға, картоп пен көкөніс өнімдеріне деген қажеттілік 2 есе қанағаттандырылады. Бұл жалпы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, 11 млрд теңгеден астам инвестиция тарту және 500-ден астам жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жергілікті өнімдермен қамту көлемін ұлғайтады.

Әкім баяндамасында сонымен бірге шағын және орта бизнесті қолдау шаралары да көрініс тапты.

– Бүгінгі таңда қала экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі 16 пайызды құрайды. 2021 жылы бұл көрсеткіш 20 пайызға дейін ұлғаяды деп болжап отырмыз. Кәсіпкерлік саласында бүгінде 14 мың адам жұмыс істейді, бұл – экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігі, – деген Қайрат Бектайұлы 2021 жылы жалпы құны 2 млрд теңге шамасында болатын жаңа 35 нысанды іске қосу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар аясында жалпы құны 1,2 млрд теңге болатын 42 жобаға қолдау көрсетілген. Соның арқасында 72 жұмыс орны сақталып, жаңа 25 жұмыс орны ашылған. Жыл соңына дейін осындай қолдау көрген жобалар саны 55-ке жеткізілмек. 2021 жылы 2,1 млрд теңге көлемінде тағы 60 жобаға қолдау жасау жоспарланып отыр. ШОБ-ты дамытудың басты нәтижесі жаңадан ашылатын 1800 жұмыс орны мен жергілікті өнімнің артуы, өндіріс көлемінің 25 пайызға, салық салынатын базаның 3,5 пайызға өсуі болмақ.

Қала басшысы жиында сонымен бірге өңірде туризмді дамыту, баспана құрылысы, мектептер мен әлеуметтік нысандарды жөндеу, жылу, су құбырларын ауыстыру, газдандыру, апатты үйлер мәселесін шешу, жас мамандарды баспанамен қамту бағытындағы бірқатар жұмыстарға да тоқталды.

«Нұрлы жер» бағдарламасы да қалада қарқынды жүзеге асуда. Биыл барлық қаржы көздерін қосқанда 20 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, келер жылғы меже – 25,5 мың шаршы метр. Екі жылда Жезқазғанда 500-ден астам отбасы баспаналы болып, үй кезегінде тұрғандар 20 пайызға қысқармақ.

– Тағы бір маңызды мәселе апатты үйлердің тұрғындарын көшіру болып отыр. Қалада барлығы 26 апатты үй болса, оның 17-і бұзуды, тоғызы күрделі жөндеуді қажет етеді. Биыл сондай 9 үйден 68 отбасыны көшіреміз. Бұл мақсатқа 310 млн теңге қаражат қарастырылған. Бұл жұмыс келесі жылы да жалғасады, – деді Қайрат Бектайұлы өз баяндамасында.



Әкім баяндағандай қаладағы су құбырлары да ауыстырылады. «Аймақтарды дамыту» бағдарламасымен жалпы құны 24,4 млрд теңге болатын 5 жоба қарастырылса, оның үшеуі 1,2,3-кезектегі су құбыры желілерін қайта құрылымдауға, екеуі ауыз су тазарту ғимаратын жөндеуге бағытталған. Қаладағы жалпы ұзындығы 223,3 шақырым болатын су құбырларының бүгінде 113,9 шақырымы қайта салынған. Келер жылы тағы 45 шақырымы жаңартылады. Аталған жобаларды жүзеге асыру арқылы 2023 жылға қарай су құбырларындағы шығын төмендеп, құбырлардың тозуы екі есе азаяды, су сапасы да жақсаратын болады.

Жалпы ұзындығы 17,2 шақырым болатын жылу магистральдық желілерін қайта құрылымдау жұмысы да жалғасуда. Бірінші кезек бойынша 2018-2021 жылдары 4,8 шақырым құбыр ауыстырылса, 2019-2022 жылдарды қамтитын екінші кезекте 12,4 шақырым ауыстырылады. Бұл жобаларды жүзеге асыру жылу желілеріндегі шығынды 17 пайыздан 11 пайызға дейін қысқартуға, жылу желілерінің тозуын 60 пайыздан 58 пайызға дейін азайтуға, 5 мыңнан астам тұрғын үй мен 55 әлеуметтік-мәдени нысанға берілетін жылу сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Баяндамасының соңында қала басшысы Жеңіс Махмұдұлынан облыстық бюджеттен қаржыландыруды және «Қазақмыс» корпорациясының атсалысуын қажет ететін жобаларға қолдау көрсетуін сұрады.

Қайрат Әбсаттаровтың есебін тыңдаған аймақ басшысы қалада бірнеше бағыт бойынша өсім байқалатынын атап өтті. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысы, жолдарды жөндеу, тағы басқа бағыттар бойынша жақын уақытта ұсыныс енгізуді тапсырды.

**Дархан МҰХАН**

САКРАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН

# ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

***Жезқазғанда Жошы хан тарихи-мәдени кешенінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Бұл қазақ халқының өткеніне қызығушылық танытатын туристер үшін жаңа бірегей орын болмақ.***




Жезқазған өңіріне жұмыс сапары барысында Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Кешеннің ішінде Жезқазғанның киелі жерлерін таныстыруға арналған экспозициялар залы орналасқан. Мұнда дизайнерлер тарихи жазбаларды қалпына келтіріп, балауыз фигураларын орнатады. Құрылыс барысында температуралық режим талаптары да ескерілген. Туристер үшін қонақ үй кешені мен асхана салынады.

Құрылыс компаниясының директоры Абай Байділдаевтың айтуынша, нысанда екі ауысым жұмыс істеп жатыр. Қазір құрылысшылар ішкі әрлеу жұмыстарына кірісті. Аумақты абаттандыру және көгалдандыру жүргізіледі. Жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Кешеннің ауласында Жошы ханның бес метрлік гранит ескерткіші тұрғызылды. Тарихи кешеннің айналасында этно-ауыл пайда болады. Ұлттық бұйымдар мен әшекейлер көрмелерін өткізу үшін киіз үйлер мен шатырлар орнатылады.

Жошы ханның тарихи-мәдени кешені Алтын Орда дәуірін зерттеуге арналған ғылыми орталыққа айналады. Мұнда отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізіледі. Сондай-ақ, кешен базасында оқушылар үшін көшпелі тарих сабақтары ұйымдастырылады деп болжануда.

***Жезқазғанда екі ай ішінде 200 төсектік жаңа модульді жұқпалы аурулар госпиталі салынды. Ғимаратта жұмыстар аяқталды, енді палаталарды ретке келтіру қалды. Қазіргі таңда аумақты абаттандыру жүріп жатыр. Аурухананы қазан айының соңында тапсыру жоспарланған.***




# ЖАҢА ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ГОСПИТАЛЬ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Жезқазғанға жұмыс сапары барысында жаңа госпитальді аралап қайтты.

– Ешқандай проблема жоқ. Кестеге сай жұмыс істеп келеміз. 15 қазанға дейін негізгі бөлікті аяқтап, іске қосуды жоспарлап отырмыз. Барлық блоктарды аяқтаймыз, кереуеттерді қойдық, – деп баяндады BI Group құрылыс компаниясының өкілі Әсет Ибраев.

Аурухана инфекциялық бақылаудың барлық стандарттарына сәйкес келеді. Ол диагностика мен емдеуге арналған жаңа медициналық жабдықтармен: компьютерлік томографпен, сандық рентгеноаппаратымен, медициналық газ жүйесімен, УДЗ, ЭКГ, ӨЖЖ және тағы басқалармен жабдықталады.

Емдеу бокстарының бөлек кіреберістері болады. Әр бокстың ішінде максималды оқшаулау қарастырылған. Онда арнайы чиптердің көмегімен ғана кіреді.

Ауруханада жоғары қауіпсіздік класы бар ақылды желдету жүйесі орнатылған. Палаталарда әр кереуетте бекет медбикесін шақыру түймесі бар.

Жеңіс Қасымбек жаңа госпитальды аралау барысында кадр мәселесінің қалай шешім табатынын сұрады.



Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Нұрлыбаевтың айтуынша, мамандар саны бойынша есеп жүргізілген. 204 қызметкер қажет, оның ішінде 50 дәрігер, 82 орта медициналық персонал. Модульдік жұқпалы аурулар ауруханасында коронавирустық инфекцияның алғашқы толқынында жұмыс істеген жергілікті мамандар жұмыс істейтін болады. Емдеу мекемесінің жұмысын күшейту үшін Қарағандыдан 23 дәрігер жіберу жоспарлануда.

– Жаз кезінде жағдай Жезқазған аймағы үшін оңай болған жоқ, сондықтан қазір мұнда ерекше назар аударылуда. 200 төсектік заманауи модульді аурухана ашылады. Қосымша екі компьютерлік томограф, рентгеноаппараттары, жедел жәрдем машиналары жеткізіледі, – деді Жеңіс Қасымбек.

Облыс әкімінің айтуынша, «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен Жезқазғанда жас мамандарға 22 пәтер беріледі. Өңірде денсаулық сақтау басқармасының Аймақтық өкілдігі құрылды.

**«Saryarqa – ақпарат»**

МЕРЕЙ

# ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН АКАДЕМИК



*(Соңы. Басы 1-бетте).*

КСРО Денсаулық сақтау министрі Б.Петровский оны Ташкентте өткізуді қолайлы көреді. Талқылау барысында елге бір шапағаты тиетінін көздеген Т.Шарманов Алматыны ұсынып, бұл мәселе біршама дау-дамайға ұласып кете жаздайды. Ең соңында мәселе КОКП Саяси бюросының мүшесі, Қазақ Республикасының басшысы Дінмұхамед Қонаевтың араласуымен Алматының пайдасына шешіледі. Бұл сол заман үшін өте тәуекелшіл ұсыныс болатын. Конференцияға халықаралық беделді ұйым басшыларымен қатар әлемнің 146 елінің денсаулық сақтау министрлері бастаған делегациялары қатысатын ауқымы заңғар шара еді. Конференция қарсаңында дәрігерлер қауымының бұрын Мәскеу мен Ленинградтың белді деген ғылыми орталықтары мен клиникаларынан ғана көретін жабдықтарға қолдары жетіп, республикаға жаңа жедел жәрдем көліктері молынан бөлінді. Он күнге созылған ауқымды конференция медицина саласындағы тың жаңалықтарға толы болды. Төкең бүгінде: «Алматы конференциясы ғажап дүние болды. Адамзат өзінің денсаулығын жетілдіруді мемлекетке мойындатқан шешім қабылданды» деп еске алады. Біз әлем мойындаған академиктің 90 жасқа толуының қарсаңында хабарласып, біраз сауалдарымызға жауап алғанда сол кезең туралы да сөз қозғаған едік.

***– Төрегелді аға, сөз орайы келген соң еске алып өтсек, 1971-1982 жылдары өзіңіз денсаулық сақтау саласын басқардыңыз. Министр болған тұстағы ең басты істеріңіз қандай болды? Және сол жылдардағы медициналық қызмет саласы мен еліміздегі қазіргі жағдайды ойша салыстырып көрдіңіз бе?***

– Өзім 11 жыл Денсаулық сақтау министрлігінде қызмет атқарыппын. Сол кезеңде елімізде көптеген медициналық институттың ашылуына айтарлықтай күш салып, үлесімді қостым. Мәселен, Қарағанды, Павлодар, Оралдағы оқу орындарының медицина факультеттері, Шымкентте медицина институты ашылды. Ғылыми-зерттеу, акушер-гинекология, кардиология, тағамтану институттары бой көтерді. Түрлі медициналық орталықтар, ауруханалар, алыс жерде тұратын халыққа уақытында жәрдем көрсететін фельдшерлік қызметтер, балалар тағамын жетілдіру үшін мыңға жуық балалар тағамын жасайтын асхана, балаларға сүт тағамдарын дайындау үшін Семей, Талдықорған, Алматыда цехтар пайда болды. Сондай-ақ, жаңағы еске алған 1978 жылы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ-тің бірлескен жұмысының нәтижесінде алғашқы медициналық жәрдем тақырыбында атақты Алматы конференциясын өткіздік. Конференцияда қабылданған арнайы Декларацияның негізінде бүкіл дүниежүзінің мемлекеттері адамдарға алғашқы медициналық жәрдем беру құқығына ие болды. Бұл медицина саласының әлем бойынша жеткен айтарлықтай жетістігі болды деп бағаланды.

Ал, енді ол кездегі медициналық қызмет сапасын бүгінгімен салыстыру қисынсыз. Әлем елдерімен кеңінен араласып, техника мен жабдықтары дамыған бүгінгі заманда көп нәрсе өзгерді. Медицина саласындағы жаппай цифрландыруды алатын болсақ, медициналық қызмет айтарлықтай жылдам әрі қолжетімді бола түсті. Көптеген елдердің медицина тұрғысынан кеңінен тәжірибе бөлісуі, түрлі семинарлар мен конференциялар, тың жаңалықтар мен ізденістердің ашықтығы денсаулық сақтау саласын одан әрі жаңа деңгейге көтеруде. Мына коронавирус індетімен бүкіл әлем болып бірге күресіп, көмек беріп жатқандығымыздың өзі қуанарлық іс. Уақыт талабына сай қазіргі уақытта медицина саласын жетілдіруге Үкімет тарапынан мол қаржы бөлініп отыр. Алда дәрігерлердің мәртебесі бүгінгіден де артып, әлеуметтік жағдайлары жақсара түссе екен деймін.

***– Төрегелді Шарманұлы сіз талай жылдан бері тағамтану мәселесімен шұғылданып келесіз. Ойға алған істеріңіз толық жүзеге асты ма?***

– Халық денсаулығының деңгейін анықтайтын негізгі фактор – тағам мәселелерімен астасып жатыр. Негізі, көптеген аурулардың белең алуы және өлім-жітімнің көбеюі дұрыс тамақтанбаудың салдарынан болады. Жүрек-қантамыр аурулары, қан қысымының жоғарылауы, диабет және т.б. сырқаттардың алдын алумен Тағамтану академиясы айналысады. «Ауру – астан, дау – қарындастан» деген сөзді халқымыз текке айтпаған. Қазақтың тұтынған тағамдарының бәрі қуатты, құнарлы, дәмді әрі ауруға ем болған. Қымызды, шұбатты алыңыз, мың сан ауруға ем. Ет-жүрек, қан тамырлары аурулары дейсіз бе, ішек пен асқазанның қабынуы, атеросклероз сияқтыларды болдырмауға пайдалы. Байыптап қарар болсақ, ата-бабаларымыз өздеріне қажетті әрі пайдалы тағамдарды тұтынуды білген ғой. Тағамтану академиясының бүгінгі жұмысы өзіміздің ұлттық тағамдарымызды дәріптеп қана қоймай, оның шынайы құнарлығы мен пайдасын көрсету. Сондай-ақ, халықтың өмір жасын ұзарту және қартайған кезде ауыратын кәрілік ауруын шектеу. Өмір жасын ұзарту деп отырғаным – ауруды болдырмай, оның алдын алу. Бұл тұрғыда тағам мәселесі маңызды міндет атқаратынын ерекше айтқым келеді. Академиямыздың басты міндеті – халық тұтынатын өнімдердің құрамын жіті тексеріп, оның зиянды тұстарын ашып көрсету. Яғни, халық өзінің жеп отырған тағамының сапасы туралы мәліметтен хабардар болып отыруы керек. Біз осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз.

Тағамтану академиясы мамандарымен осы уақытқа дейін түрлі ауруларға қарсы көптеген тамақ әзірленді. Соның ішінде балалардың құнарлы тағамдарын жасауды, ғарыш кеңістігіндегі зиянды әсерлерге қарсы биологиялық қоспалар әзірлеуді, іш ауруы, жүрек-қан тамырлары ауруы, туберкулез, жүйке жүйесі, қауіпті ісік ауруларына қарсы тағам түрлерін шығаруды жолға қойды. Бұл өнімдер халықтың арасында кеңінен танымал болды. Біздің жасаған тұзды йодпен байыту, түрлі микроэлементтермен, дәрумендермен ұнды



байыту сынды рецептураларымыз басқа елдерге де кең тарады. Мамандарымыздың нәтижелі жұмысының арқасында академия Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымымен бірлесіп ауқымды жобаларды іске асыруда. Ғылыми жобалармен айналыса отырып, осы жұмыстарға жетекшілік етіп келемін.

***– Тағамтану академиясы «Балдырған», «Балбөбек», «Асыл» сияқты балалар тағамдарын шығаратынын білеміз. Қымыз бен бие сүтінің денсаулыққа пайдасы туралы да көп айтып жүрсіз. Бие сүтінен балаларға пайдалы өнімдер өндіріліп жатыр екен. Осы өнімдерге халықтың сұранысы қандай, өңірлерді толық қамтамасыз ету мүмкіндігі бар ма?***

– Сұраныс өте көп. Біздегі шығарылатын балалар тағамдары еш қоспасыз, таза әрі құнарлы өнім болғаннан соң, өз басым елден оң пікірлерді жиі естіп жатамын. Ал, бие сүтінің адам ағзасына пайдасы тіпті мол. Біз бие сүті негізіндегі абсолюттік инновациялық саналатын өнімдерді: йогурттарды, ашытылған сүт сусындарын, сүзбелерді, сондай-ақ, арнайы цехтарда балмұздақ пен шоколадты әзірлеп шығардық. Бие сүтінің емдік-профилактикалық бағыттағы қасиеті ерекше. Оның құрамында трансмайлар мен қант болмайды, болашақ өнімдерін әзірлеуде шексіз мүмкіндіктер береді. Ұлттық дәстүрімізді жаңғыртумен қатар біз бие сүті негізінде балаларға ем-дәмдік және жаппай тұтынуға арналған жаңа өнімдер шығарудамыз. Сол арқылы тағамдық қауіпсіздік мәселелерін шешуге де оң ықпал жасалуда. Пайдалы өнім халықтың аса әлжуаз топтары арасындағы – сәбилердің, жүкті және бала емізетін әйелдердің, қартайған адамдардың аурушаңдығы мен өлім-жітімнің қауіпін азайтуға, сонымен қоса, жалпы халықтың өмір сапасын арттырып, денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы барлық өнімдеріміз өз елімізден бөлек, шетелдерде де сұранысқа ие. Осыған орай қалалармен бірге ауыл-аймақтарға да қолжетімді болуына барынша күш салудамыз.

***– Төрегелді аға, 90 жасқа толатын мерейтойыңызға да санаулы сәт қалыпты. Өз атымыздан, газет оқырмандары атынан құтты болсын айтамыз! Кейінгі кезде дүбірлетіп той жасауды қатты сынап жүргеніңізді естиміз. Мерейтойыңызды өзіңіз қалай атап өткелі отырсыз?***

– Мен әрдайым халқыммен біргемін. Елдің мұң-мұқтажына да, қуанышына да ортақпын. Мені құрметтеп, мерейімді көтеріп отырған – халқым. Әлемді алаң күйге салған мына індеттен адамдарымыз запа шегіп, көптеп кетіп жатқанда, мерейтойды тойлау немесе той өткізу – барып тұрған әбестік. Сол той-томалаққа шашқан қаражатты көмекке зәру адамдарға таратып берген әлдеқайда пайдалы. Карантин кезінде көптеген адамдарымыз жұмыссыз қалды. Әлі де екінші толқын қалай және не болатыны белгісіз. Халықтың «көңілі тоқ, уайымы жоқ» дей алмаймын. Сондықтан, той тойлау дегенді алдағы бір-екі жылда мүлдем ұмытқан жөн. Ал, енді мені құттықтап, тілек білдірем деушілер телефон арқылы хабарласып, хат-хабар жолдаса да жеткілікті ғой. Коронавирус пандемиясы қызық қағиданы бекітті: «Егер жақыныңды шынайы жақсы көрсең, одан алшақ бол». Қонаққа әрдайым қабағы ашық қазақ үшін мұны қабылдау қиын, бірақ өте нақты айтылған. Карантин шаралары бітсін-бітпесін, бізге еш босаңсымау керек. Кез келген жан маска тағып жүру, қоғамдық орындарда арақашықтықты сақтау, гигиенаға мән беру, отырған орныңды таза ұстау сияқты қарапайым сақтық шараларын қаперден шығармауы қажет. Мерейтойымды қарапайым жағдайда отбасыммен ғана қарсы аламын. Өзгелерге де осылай жасауға кеңес берер едім.

Төкеңе қойылған азын-аулақ сауалымыз осылай түйінделген соң, бұдан он жылдай бұрын елге келген сапарында академиктің жерлестерімен болған кездесуде тебіреніп айтқан мына бір сөздері еріксіз еске түсті: «Бүгінде мақсатыма жеттім, болдым-толдым деп шалқымаймын, мен халқыма әлі де борыштармын. Орман өсірдім, үй салдым, ол тағамтану академиясының үйі, екінші ғимарат – балалар тағамын шығаратын зауыт. Халқым осылардың игілігін көрсе деймін. Бала өсірдім. Алмазым елімізбен қатар, Америкаға танымал азамат болды. Дж. Хопкинс атындағы университетінің профессоры атанып, ғылыми-зерттеу орталығын басқарды. Адам ғұмырын ұзарту мәселесімен шұғылдануда. Ізгі мұратым бұл өмірден қарғыс алмай, алғыс алып өтсем деймін», - деп ақтарылған болатын ағамыз. Иә, әкеден тәлім алып, өнегелі жолын қуған ұлы Алмаз Шарман – бүгінде биомедицина және медициналық-демографиялық зерттеулер жүргізіп үлкен жетістіктерге жеткен америкалық ғалым. Халықаралық ғылыми журналдарда зерттеу мақалаларымен танылған оны 1991 жылы АҚШ ғалымдары ат-түйедей қалап, Иммунобиологиялық орталықтарына шақыртып алған болатын. Алмаз 2008 жылдары өз елімізге де келіп біраз уақыт Ұлттық медициналық холдингті басқарды, ауылдық жерлерге телемедицинаны енгізудің негізін қалады.

Өмір – күрес. Ойға алған игі істердің орайын келтіру де оңай емес. Осы жолда Төрегелді ағамыз бетпе-бет келген талай қиыншылықты бастан өткерген адам. Бірақ, мойыған емес. Қарапайым, ұстамды қалпынан танбай халыққа пайдасын тигізуді алға қойып, заңғар биікке көтерілді. Әлем мойындаған академик қанша биікке көтерілсе де асып-тасқан емес. Өзі айтқандай, әлі де халқының кәдесіне жарауды мақсат тұтып отыр. Ол өмірлік асыл мұратына жеткен бақытты адам. Басқалары бір төбе, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының Леон Бернард атындағы ең мәртебелі сыйлығы кез-келген жанның қолы жете бермейтін марапат. Бұл сыйлықты жер-жаһанда сол уақытта 42 адам, бұрынғы ТМД аумағында 3 адам алса, соның бірі – Төрегелді Шарманов. Міне, тынымсыз еңбек пен өмірлік ғылыми ізденістің биік бір шыңы осы болса керек. Ал, ғылым шыңындағы мұндай тарлан тұлғалар санаулы-ақ.

**Амандық РАХҰЛЫ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі.**

# «ТҰЛҒА» СЫЙЛЫҒЫ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫ

***Жезқазғанда Арқаның Атымтай жомарты атанған белгілі меценат, қоғам қайраткері, ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының лауреаты Бекзат Алтынбеков тағайындаған 2020 жылғы «Тұлға» сыйлығын тапсыруға арналған салтанатты кеш өткізілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы бұл мәртебелі іс-шара әлемнің екінші ұстазы, көрнекті ойшыл ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналды. Өнер мен мәдениеттің шамшырағына айналған және білім мен ақпарат айдынында кәсіби біліктілік биігінен көрініп жүрген талантты жандар шоғырына тағайындалатын атаулы сыйлық тапсыру алғашқы рет өткен жылы ұйымдастырылған болатын. Биыл екінші рет сәтімен жалғасын тауып отыр. Дәстүрлі «Тұлға» сыйлығының лауреаттары дипломмен марапатталып, арнайы жасатқан кәдесый мүсіні мен қомақты қаржылай сыйлыққа ие болды.***



Қайырымдылықты парызы, меценаттықты асыл мұраты санайтын абзал азамат Бекзат Қомарұлы кәсіпкерлікті баюдың жолы емес, халыққа көмек қолын созудың көзі деп біледі. Кәсібінен нәсібін көрумен қатар ол, меценаттықтың мерейлі жолымен танылған 15 жылдан бері қала, облыс және республика деңгейіндегі алуан іс-шараларға демеуші болып, ізгілікті істердің қолдаушысы болып келеді. Руханият саласының шынайы жанашырына айналды. Жомарт жүректі жан жетім балалар мен мұқтаж отбасыларына қайырымдылық жасаудан да ешқашан тартынған емес. Сондай-ақ, талантты жеткіншектер мен шығармашылық, білім, өнер, спорт, медицина өкілдеріне атаулы сыйақылар тағайындаумен кеңінен танылып жүр. Ал, бастауын өткен жылдан алатын «Тұлға» сыйлығының аясы мен деңгейі тіпті ауқымды. Дәстүрге айнала бастаған тағлымды шараға еліміздің әр аймағындағы еселі еңбегімен рухани өмірдің өрінен көрініп жүрген өнер мен мәдениет, білім мен ақпарат салаларының таңдаулы майталмандары, сондай-ақ билік өкілдері мен қоғам белсенділері құрметпен шақырылды.

Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне ат басын тіреген қонақтарға көрсетілген құрмет пен қошеметтің салтанаты да айрықша айшықты болды. Мәдениет үйінің фойесіндегі қолөнер шеберлерінің көрмесі де келушілер назарын аударарлықтай келісті. Сахна шымылдығы Ұлы дала өнерін паш еткен киелі қылқобыз бен қара домбыраны бабалардың ұрпаққа аманаттауын өзек еткен театрландырылған көрініспен ашылды. Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек «Тұлға» сыйлығын тапсыруға арналған іс-шараға онлайн арқылы құттықтау тілегін жолдап, меценат Бекзат Алтынбековке осындай бағалы бастамасы үшін алғысын білдірді. Бұдан соң қала әкімі Қайрат Әбсаттаров та өз ризашылығын танытып, үлкен істің жүзеге асуымен құттықтады. Сахна төріне сыйлы қонақтар қатарынан кино мен театр өнерінің жұлдызы Меруерт Өтекешова мен Алаштың айбынды ақыны Серік Ақсұңқарұлын шақырып, бірінің иығына камзол, екіншісіне шапан жауып құрмет көрсетті. Алғыс хатын тапсырды.

Әуезді әнмен әдіптеліп, толғамды ой қозғаған тағлымды шарада лайықтыларды марапаттаудың беташары ең әуелі номинациялық атаулы сыйлықтарды тапсырудан басталды. Алайда, біз бұл рәсім туралы айтар сөзді «Тұлға» сыйлығына ұсынылған айтулы тұлғалардың ұлықталуы сәтінен бастағымыз келіп отыр. Қазақтың Қыз Жібегіне айналған талантты өнер иесі Меруерт Өтекешованы кім білмейді! Кино және театр өнерінің көрнекті өкілі ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Меруерт Қаратайқызы жұртшылықтың зор ықылас-құрмет көрсетуімен сахна төріне шақырылды. Айтулы актрисаға лайықты марапаты – «Тұлға» сыйлығын Қарағанды облысының Құрметті азаматы, мемлекеттік қызмет ардагері, өңірдің абыз ақсақалы Мұзараф Аханұлы тапсырды. Келесі кезек әдебиет әлемінде танылған тұлғаны ұлықтауға ұласты. Сахна төріне Алаштың арқалы ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Ақсұңқарұлы шақырылды. «ХХ ғасырдың жиырма сәті», «Ғасыр кардиограммасы», «Адам Ата – һауа Ана» және басқа да жыр жинақтарындағы рухты өлеңдерімен оқырманға ерекше әсер сыйлап жүрген ақын биыл 70 жастың желкенін керіп отыр. Арқалы ақын «Тұлға» сыйлығын қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың қолынан алды. Жезқазған жеріне, Ұлытау төріне келген ақын рухтанып «Қасқырдың монологы» өлеңін оқыды. Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин С.Ақсұңқарұлының «Үштауым-ай» әнін орындап, ән шашуын жолдады.

Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік ұстаным мен ұлттық мүддені ұштастыра отырып, халыққа қоғам тынысының ақиқатын жеткізуде, дәуір шежіресін жасауда өміршең істерімен ерекшеленеді. Осы бағыттағы ортақ іске зор үлес қосып, айшықты қолтаңбаларымен танылып жүрген қаламгерлер қатары аз емес. Сондай жандардың бірі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ел Ана» қоғамдық қорының президенті, халықаралық «Qazaqstan dauiri» газеті мен республикалық «Мөлдір бұлақ» журналының бас директоры, ұстаз-журналист Сәуле Мешітбаева ғасырлық тарихы бар «Egemen Qazaqstan» газеті атындағы «Тұлға» сыйлығына лайықты деп танылған екен. Бұл сыйлықты қайраткер журналистке қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев тапсырды. «Тұлға» сыйлығының келесі иегері ретінде ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің директоры Шағангүл Жанаева сахна төріне көтерілді. Мәртебелі сыйлықты айтулы шараны ұйымдастырушы меценат, облыстық мәслихаттың депутаты, «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық кеңесінің төрағасы Бекзат Алтынбеков өз қолымен тапсырды. Сондай-ақ, «Тұлға» сыйлығының бесінші иегері болып танылған ҚР Премьер министрі орынбасарының кеңесшісі, қоғам қайраткері Нәзипа Шанай іссапарда болуына байланысты сыйлығы кейін жеткізіліп берілетін болды.

Салтанатты шара барысында бұдан бөлек, руханият саласының әртүрлі бағыттары бойынша 19 адамға атаулы сыйлықтар табысталды. Атап айтқанда, әдебиет пен журналистика саласындағы сыйлыққа мына адамдар лайықты деп танылып, Мемлекет және қоғам қайраткері Камал Смайылов атындағы сыйлық Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат саласының үздігі, «Егемен Қазақстан» газетінің Ақмола облысы бойынша меншікті тілшісі Байкал Баяндиновқа, ҚР Мәдениет қайраткері Сәбит Байдалин атындағы атаулы сыйлық «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық «Saryarqa» телеарнасына, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Зулпа Супьяновна атындағы сыйлық «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаеваға, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлық қазақ айтыс өнерінің «Дәридәй» ақыны, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, республикалық, халықаралық айтыстардың бірнеше дүркін жүлдегері Мұқаш Сейтқазиновқа, ақын Сайлаухан Нәкенов атындағы сыйлық ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Қайырбек Сәдуақасовқа, Мұқан Иманжанов атындағы сыйлық «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС директоры, танымал журналист Дархан Мұханға және белгілі қаламгер Аппаз Қаражігітов атындағы сыйлық халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, ақын Танакөз Ильясоваға тапсырылды.

Ән шашуымен әдемі әсерге бөлеген салтанатты шара одан әрі білім саласы бойынша тағайындалған атаулы номинация иелерін марапаттауға ұласты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, құрметті педагог Шабал Бейсенбекова атындағы сыйлыққа «Құрмет» орденді Білім беру саласының Құрметті қызметкері Айман Түкбаева, Халық ағарту ісінің үздігі Қабден Шыңғысов атындағы сыйлыққа Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Балқаш қаласындағы № 15 мектеп-лицейінің директоры Қарлығаш Дүбірбекова, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі Нұрия Жұмажанова атындағы сыйлыққа Нұр-Сұлтан қаласындағы Ә.Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей директоры Сапура Төлекова ие болды.

Өнердің қасиетті саласы – театр десек, меценат Бекзат Қомарұлы халыққа рухани азық сыйлап жүрген өнердің қарашаңырағына ұдайы қамқорлық жасап келеді. Соның бір айғағы ретінде С.Қожамқұлов театрына айрықша еңбегі сіңген Д.Жанботаев, Р.Ибраева, С.Бұлғақбаев сынды арамызда жүрген актерларды көзі тірісінде құрметтеу ниетімен 10 жылдан бері олардың атындағы сыйлық тағайындауды дәстүрге айналдырды. Өткен жылдан бері осы игі дәстүрдің ауқымы кеңейе түсіп, республикалық деңгейдегі «Тарлан» сыйлығын тапсыру салтанаты аясында жалғасын табуда. Сонымен бұл жолғы шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, талантты режиссер Жанат Хаджиев атындағы сыйлық С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған драма театрының актері Бақытжан Ибраевқа, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның халық әртісі Досжан Жанботаев атындағы сыйлық ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қ.Бөкеева атындағы Орал қазақ драма театрының актері Ербол Есендосовқа, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері Кеңес Нұрланов атындағы атаулы сыйлық ҚР еңбек сіңірген қайраткері», Елордадағы Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актері Мейрам Қайсановқа, Қонысбек Бегайдаров атындағы сыйлық І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрының талантты актері Азамат Чукеевке, Серік Бұлғақбаев атындағы сыйлық С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ-музыкалық драма театрының актері Ардақ Жарқынбековке, «Құрмет» орденінің иегері, театр шебері Райхан Ибраева атындағы сыйлық С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық драма театрының актрисасы Қарлығаш Байдалинаға, Қайрат Кемалов атындағы атаулы номинация С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының актері Наурызбай Есейге тапсырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Халықтары Ассамблеясының 25 жылдығына орай бір арнайы сыйлық тағайындалыпты. «Достық» деп аталған бұл сыйлыққа Қарағанды облысы әкімі аппаратының этносаралық қатынастар саласындағы қоғамдық келісім мәселелері жөніндегі инспекторы Гульфайруз Рымбекова ие болды. Биыл кәсіптік-техникалық білім беру саласына 80 жыл толып отыр. Осыған орай тағайындалған атаулы сыйлыққа Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжінің директоры Марал Тілеужанова лайықты деп табылды. «Тұлға» сыйлығының символы ретіндегі қобыз мүсініндегі кәдесый жасаушы қызылордалық қолөнер шеберлері де дәстүрлі іс-шараны ұйымдастырушы Бекзат Қомарұлына өз ризашылықтарын білдіріп, арнайы сыйлығын ұсынды.

Таланттар таразыланып, тұлғалар таңдалған тағлымды шара осылайша өз мәресіне жетті. Бұл өңіріміздің мәдени-рухани өміріне ерекше серпін берген айтулы оқиға ретінде бағалануда. Туған елінің көркейіп, дамуы жолында еселі еңбегімен танылып, мемлекет пен ұлт мүддесіне қызмет етумен қатар халықтың рухын биікке көтеріп жүрген нар тұлғалы азаматтар қатарымызда аз емес. Олардың ішіндегі топ жарып жүрген тұлғалардың жөні бір бөлек. Дархандықтың дарабоз үлгісін көрсеткен меценат Бекзат Алтынбековтің Жезқазғандағы бұл кәделі іс-шарасы осы бағыттағы үлкен жолдың бастауына айналып отыр. Ізгі дәстүр жалғасын таба берсін дейік.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# ӨНЕРІН ӨМІРІНДЕЙ СҮЙГЕН...

***Меценат Бекзат Алтынбеков тағайындаған «Тұлға» сыйлығын табыстау салтанатына жиналған қонақтар, музей қызметкерлері және БАҚ өкілдерінің қатысуымен Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «Музейлік кездесулер: Алтын қор» жобасы аясында театр және кино әртісі, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республиксы мәдениет саласындағы мемлекеттік шәкіртақының иегері Меруерт Өтекешованың өмірі мен шығармашылығына арналған «Өнегемен өрнектелген өмір» атты кездесу өтті.***



Қонақтарға алдымен музей жәдігерлері таныстырылды. Одан әрі сөз алған Меруерт Қаратайқызы көрерменге ұсынылғанына биыл жарты ғасыр толып отырған «Қыз Жібек» фильмінің түсірілу барысы мен өнер жолы туралы сыр шертті.

– «Қыз Жібек» фильмінің кастингіне 400-ге тарта қыз барды. Олардың бәрі сондай сұлу еді. Өрімдей жас мен оларды көріп, қайтуға бел будым. Алып келген ұстазым итеріп, кастинг залына кіргізіп жібермегенде ол жерге бармас та едім. Залда өнер жолымдағы ұстазым саналатын Сұлтан Қожықов бастаған әртістер отырды. Дайындалып келген мәтін сөздерін оқып бердім. Осылайша 6-7 қыз іріктелді. Кейін сол қыздарға атқа мінуді үйретті. Осылайша маған осынау тарихи туындының бас кейіпкерінің рөлін сомдау бақыты бұйырды. Түсірілім кезінде өмірлік жарым, Төлегеннің рөлін сомдаған әртіс Құман Тастанбековпен таныстым. Ол өнер академиясының 3-курсында оқып жүр екен. Екеуміздің тәжірибеміз аз болды. Тәжірибелі әртістердің көмегімен осы рөлдерді ойдағыдай алып шықтық. Кинодағы махаббат кейін өмірде жалғасты. Таныстық, табыстық. Бір оқу ордасында білім алдық. Кейіннен қол ұстасып М.Әуезов атындағы қазақ драма театрында бірге қызмет еттік. Балалы-шағалы болдық. Тұңғышымыздың атын Жібек деп қойдық. Мен оны «Құман аға» дейтінмін. Құман аға мен үшін сахнаның королі іспетті еді, – деген Меруерт Өтекешова жары туралы жарқын естеліктермен бөлісті.

Алдағы уақытта атқарар жұмыстары мол екенін, «Қыз Жібек» фильмінің шығу тарихын ұмыттырмау мақсатында фотоальбом мен деректі фильм шығару жоспарда бар екенін айтқан ол, карантин шектеулеріне байланысты бұл жұмыстардың сәл кейінге шегерілгенін атап өтті.

Шара барысында қаржы саласының ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Марфуға Мусина қазақтың әртіс қызымен достығы жайында әңгімелесе, Халықаралық «Qazaqstan dauiri» газетінің, республикалық «Мөлдір бұлақ» балалар журналының бас редакторы Сәуле Мешітбайқызы оған алғысын айтып, батасын берді. Әсем жырларын оқыған ақын, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алаш» медалінің иегері Танакөз Толқынқызы кештің мазмұнына мазмұн қосты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

18 ҚАЗАН – РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ



# ҰЛТТЫҚ САНАМЕН САБАҚТАС

***18 қазан – ұлт пен діни сенімге қарамастан барлығымызды біріктіретін қоғамдағы тұрақтылық пен келісім күні. Сондықтан да бүгінгі мереке бірлік пен қайырымдылық, жақсылық пен гүлдену мерекесі болып табылады. Бұл мерекенің арнайы аталып өтуі – елімізде бірлік пен қайырымдылық, жақсылық пен сенімділік, ауызбіршілік пен сыйластық орнату.***

Бүгінде Тәуелсіз мемлекет атанып, ел-халық болып қалыптасудың күрделі үдерістерін бастан кешіріп жатқан кезеңде ұлттық келісімді, дінаралық татулықты қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті міндеті болуы да сондықтан. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: **«Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этносаралық, конфессияаралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз»,** – деген.

Ислам діні татулық мен мейірімділікке шақырады. Адамдарға мейіріммен қарау, дауласқанды татуластыру, көршімен қарым-қатынаста болу мұсылманды нұрландыратын әрекеттер. Көршімен-көрші, ел мен ел тату болса, әлемде бейбітшілік орнайды. Ағайын-туысты татуластыру да үлкен сауапты амал. Сәһл ибн Сағдтан (р.а.) жеткен хадисте Құба тұрғындары төбелесіп қалып, тіпті бір-біріне тас лақтырған. Бұл туралы Алла елшісіне (с.а.с) айтылғанда, ол сахабаларына: **«Жүріңдер, оларды татуластырайық»**, – деген (Бұхари). Бұл хадис кез-келген дау үстіндегі адамдарды бір-бірімен ортақ тіл табыстыруға күш жұмсаудың қажеттігін меңзейді.

Алла Тағала былай деді: **«Аллаға ғана құлшылық етіңдер. Оған еш нәрсені серік қоспаңдар. Әрі ата-анаға, жақын туыстарға, жетімдерге, міскіндерге, туыс көршіге және бөгде көршіге жақсылық жасаңдар»** («Ниса» сүресі, 36-аят). Осы аятта айтылғандай көршіге жақсылық жасау бұйырылған. Яғни, ел болып, шетелдермен тату-тәтті тұру, көршің мұсылман болмаса да онымен тату болуы барша мұсылманға парыз.

Ибн Омар (р.а.) жеткен хадисте Алла Елшісі (с.а.с): «Маған Жебірейіл періштенің көрші ақысы туралы көп өсиет айтқандығы соншалықты мен көршім мұрагеріме айналатын шығар деп ойладым», – деген (Бухари, Муслим).

Бірде Айша (р.а.) Алла Елшісінен (с.а.с): «Уа, Расулалла! Менің екі көршім бар, сыйды соның қайсысына берейін?» – деп сұрағанда, Алла Елшісі (с.а.с): «Есігі ең жақын орналасқанына», – деп жауап берген (Бухари). Бұл хадис, өзге ұлт өкілі немесе өзге дін өкілі болғанына қарамастан көршімен тату болуға, мейіріммен қарауға, қайырымдылық жасауға шақырады.

Бұл мысалдармен айтқымыз келгені, ағайын-туыс, бауырмен, сондай-ақ еліміз үшін көрші мемлекетпен тату болу, тіпті алыстағы шекарамыз түйіспейтін елдермен тату болуы қазақ халқы үшін, барша мұсылман үшін өте қажет нәрсе. Өйткені, көршімен жақсы қарым-қатынаста болғанда ғана біз Аллаһтың разылығына бөленеміз, елімізде тыныштық орнап, бейбіт өмір сүреміз.

Рухани келісім – біздің ұлтымызға тән үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, қонақжайлылық, татулық, достық, ауызбіршілік тәрізді ізгі ортақ құндылықтар берік орнықты. Халқымыздың татулығы мен бірлігі – еліміздің өркендеп, алға басуына себеп болады. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату – еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.

Барша халықты мейірімділікке, игілік, бірлікке үндейтін Рухани келісім күні құтты болсын! Әрбір отбасында тыныштық, береке болсын. Жаратушы Иемізден елімізге береке, бірлік, еңселі ел болуымызды тілеймін! Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

**Нұрбол ТАҒАЕВ,**
**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің бас имамы**



# ГЕРОНТОЛОГИЯ немесе ЖАН МЕН ТӘН ҚАТЫНАСЫ

***Медицина саласында «геронтология» деген ғылым бар. Бұл ғылым кәдімгі ағзаның белсенділігін мейлінше ұзарта түсу амалын қарастыратын медицина ғылымының саласы. Біздің айтпағымыз басқа еді.***

Қарап отырсақ, өткен тарихымызда да, бүгінгі күні де, болашақта да көп адамның жүйкесі шаршап, ешбір істен ләззат алмай, болмай солып жүргенін байқаймыз. Себебін іздеп көрсек, бәрі рухқа байланысты екен.

Рух, жан деген Алладан келген жаратылысты адам баласы талай ғасырлардан зерттеп, жанның, рухтың адамның қай жерінде тұратынын таппай келеді. Кей ғалымдар адам жанының салмағын өлшеп әлек. Мұсылман адам жанды Алладан, тәнді жерден жаратылған деп түсінеміз. Алладан келген соңғы қасиетті кітап Құран Кәрімде Алла тағала жан туралы іздеуге шектеу қойған. Мұның себебі неде деп көрсек, жанның құрылысын адам баласы бұл өмірде таппай өтеді екен. Себебі жан нұрдан жаратылған.

Адам құрылысын зерттейтін ғылым салалары да физикалық шаршауға жүйкенің әсері бар екенін мойындайды. Яғни, жанның шаршауы. Демек, адам тәні жанына тікелей қатынасты. Тәніміз – жанымыздың қызметшісі.

Осы жерде жанның шаршамауы үшін не істеуіміз керек деген сұрақ туады. Жан шаршамас үшін пенде жанына ұнайтын ісімен айналысу, сол ісінен пайда көріп, тәнін асырау керек екен. Ақылы мен жүрегіне үңілу қажет екен. Өйткені Алла тағала әр пендесінің бойына өзінің ғана қолынан келетін өнерін салып қоймақ.

Адамның қабілеті шексіз болғанымен, оның өзі сүйіп ұнатар бір ғана ісі болмақ. Қаламайтын жолға адамды салу – жегісі келмейтін тамақты ішкізумен тепе-тең дүние. Біздің басты кемшілігіміз сол, әр адамның ішкі жан-дүниесіне үңіле алмауымыз.

Хәкім Абайдың «жүрегіңнің түбіне үңіл-дағы, содан тапқан асылды тастай көрме» деуі осыдан. Хәкімнің айтуы бойынша адамның ортаны бұзып жарып, өзін тұлға ретінде көрсетуі де жоғарыда айтқан дүниелермен тікелей байланысты екен. Данышпан мына өлеңінде оны ашық айтады: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек». Бұл үш формула – адам жанының өлшемі. Өмір сүруінің өлшемі. Пенденің құлықсыздық танытып, өмірден шаршауының басты шарты.

«Пенде нені таныса, соны сүймек. Неге сенсе, сол оның әлемі болмақ» (Руми). Сондағы басты мәні бұл сөздің адам ең бірінші өз-өзін сендіру қажеттігі алға шығады. Жоңғар хандығы құлап, Қытаймен бетпе-бет соғыста тұрған Абылай ханның жүрегін қорқыныш билегенін байқаған көмекей әулие Бұқар ханға былай дейді: «Әуелі өзіңді сендір жеңетініңе. Содан кейін әскеріңді сендіре аласың», – деп. Осы соғыста қытай әскері шегінуге, бітім жасауға мәшбүр болды емес пе?! Демек, адам өзін сендіре алмай, өзгені сендіруі бекер екен.

Әңгімені созбақтап, мұны неге айтып отыр деп сұрасаңыздар, айтайын.

Адамның өмірін ұзартып, оның өмірге деген құлшынысын арттырып, тәнінің шаршамауы үшін, жанын рухтандыру үшін, сөздің қадірі өте жоғары. Жүсіп Баласұғұн бабамыз: «Сөз – кілт сияқты. Қалаған адамның құлпын аша да біледі, жаба да біледі» демеп пе еді. Сөздің қадірі адам үшін өте маңызды бола беретіні анық.

Осы жерде қос бақаның оқиғасымен әңгімемді аяқтайын:

Бір топ бақа қорек іздеп орман ішінде тарбаңдап келе жатады. Кенет, қапталдас келе жатқан екі бақа терең шұңқырға байқаусызда құлап кетеді. Мұны байқаған қалың бақа шуласқан күйі шұңқырдың ернеуін жағалап, жиыла қалады. Шұңқыр тереңдігін көрген олар бірден жолдастарының аман шығуынан күдер үзіп, екеуіне басу айта бастайды.

Төмендегі қос бақа қатты қорыққаннан қаптаған шуылға құлақ салмай, бар күштерін салып шұңқырдан шығуға тырбанып бағып жатыр. Жоғарыдағы көпшілік екеуінің бос арамтер болып жатқанына жандары ашып «ақылдарын» жамыраса айтып, тоқтар емес.

Бір кезде екеудің бірі секіруін доғарып, көптің сөзіне құлақ қойды. Сол-ақ екен бірден бойын үмітсіздік билеп, салы суға кетті де, тарбаң етіп төрт аяғын жоғары көтерген күйі өлді де қалды. Ал екінші бақа оған мән берген жоқ. Секіруін де тоқтатқан жоқ.

Ал ернеудегі бақалардың бақылдаған айқайы одан ары үдеп кетті. «Жаныңды қинама!», «Өлімге мойынсұнсаңшы!», «Болды ғой, енді!» деген «жанашыр» сөздер әр жерден естіліп жатыр.

Тереңдегі бақа секіруін арттыра түсті. Бойындағы бар күшін жиып, соңғы рет ышқынып еді, шұңқыр аузына келіп ілікті. Одан ары бір-ақ секіріп сыртқа шығып кетті.

Мына ерлікке қатты таң қалған қалың бақа мұны қаумалап қоршап алды. «Сен біздің айқайымызды естімедің бе?» – деп жатыр. Ол болса: «Менің құлағымның мүкістігі (керең) бар еді. Тар жерде мүлде естімей қаламын. Бағана, шұңқыр ішінде болғанда ұзақ уақыт бойы сендер мені өмір үшін күресуге жігерлендіріп шулаған боларсыңдар деп ойладым», – деген екен.

Бұл ғибратты мысалдың үш түрлі сабағы бар:

Бірінші, өлім мен өмірдің күші тілде жасырынған. Қуаттандырып, жігерлендіруші сөз төмендегіні жоғарыға көтереді. Мақсатқа жетуге жол ашып, үмітті оятады.

Екінші, тұқыртып, үміт сәулесін өшіретін сөз төмендегіні өлтіріп тынады.

Үшінші, ақылыңмен шешіп, дұрыс деп тапқан ісіңді жүзеге асыра аласың. Өзгелердің ой-пікірі үмітсіздікке ұрындырмасын.

Имандылық иірімдері

## Жоқтау айтып жылау харам ба?

***Қайтыс болған адамның артынан жоқтау айтып жылау – барлық халықтарда бар ғұрыптардың бірі. Қазақ халқында да жоқтау айтудың өзіндік үлгілері қалыптасқан.***

Жоқтау – ауыр қайғыға, қасіретке тап болған адамның шерін, мұңын тарқатып, басқа түскен қайғысын жеңілдетуге септесетін іс-шараның бірі. Ислам шариғаты жоқтау айтып жылауды жойып жіберген жоқ. Қайта керісінше, Алланың жазғанына, тағдырға сенген мұсылман пендесіне шариғат шеңберінен шықпай, шерін төгіп, көңілін босатуға рұқсат еткен.

Ислам шариғатында дүниеден озған кісінің артынан жылауға рұқсат екендігіне қатысты ижма, яғни бірауыздан келісім бар. Мұндай жағдайда жыламау үшін адам тасжүрек болу керек.

Жылау – Алла тағаланың адам баласының жүрегіне салған мейірімнің белгісі. Осыған қатысты Имам Бұхари мен Муслимнің хадис жинағында мынадай хадис келген:

«Алла елшісіне (с.а.с.) жан тәсілім етер алдында қиналып жатқан немересі (қызының баласы) әкелінген кезде қос жанары жасқа толып, жылады. Мұны көрген Сағыд (р.а.): «Уа, Алланың елшісі бұныңыз не? (яғни, жылауға бола ма?)» – деген кезде Ардақты елші: «Бұл – пенделерінің жүрегіне Алланың қойған рақымы. Алла мейірімді болған құлдарына ғана мейірімін төгеді», – деген еді».

Өз баласы Ибрахим қайтыс болған кезде де Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жылап: «Жүрек қайғырып, көзге жас келеді. Алайда, Жаратқан Иеміз разы болатын сөзден басқаны айтпаймыз», – деп жылауға рұқсат екенін көрсетіп кеткен.

Бірақ, үсті-басын жыртып, беттерін тырмалап, Алла тағаланың тағдырына наразылық танытып жыламау қажет. Бұған шариғатта тыйым салынған.

«Шариғатта жылауға болмайды. Артындағылар жылаған сайын, қабірде оған азап беріледі» деген мәселеге келсек. Бұхари мен Муслимнің хадис жинақтарында: «Қайтыс болған адамның артында қалған отбасы мүшелері жыласа, оған азап беріледі», – деген хадис бар. Ғалымдардың көпшілігінің айтуынша, бұл хадис отбасы мүшелеріне артынан жылауды арнайы өсиет етіп қалдырып кеткен адамға қатысты айтылған. Өйткені, сол кездері арабтарда қайтыс болған соң артынан жылауды өсиет етіп кету кең тараған әдет еді. Сондықтан хадистегі мұндай үкім өз еріктерімен, табиғи сезімдері нәтижесінде жылауға емес, сол кездің әдетіне сай, адамдардың қайтыс болғаннан кейін, өзін ұлықтап, құрмет көрсетілуін талап еткен адамның қалауынан туындаған жағымсыз әрекетке қатысты айтылған.

Жарық дүниемен қош айтысқан адамның артындағылар өсиет үшін емес, өздігінен жыласа, қабірдегілерге ешқандай азап берілмейді. Өйткені Айша анамыз (р.а.) қабірде жатқан адамдардың артынан жылаған адамдардың қылығы үшін азапқа тартылуының Құран аятына қайшы екенін алға тарта отырып, «Әнғам» сүресіндегі мына: «Ешкім басқа адамның күнәсі үшін жауапқа тартылмайды», деген аятты сөздеріне дәлелге келтірген.

Ислам дінін қабылдап, бойына сіңірген халқымызда да жоқтау айтудың мұсылмандыққа сай үрдісі қалыптасқан. Мәселен, жоқтаудың көне де көркем үлгілерінің бірі ретінде Қаз дауысты Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауына тоқтала кетейік:

«Біссмілләдан бастайын,
Шариғаттан аспайын,
Ішім толды қайғыға,
Азырақ көзім жастайын»;

Үмбетей жырау Абылайға Бөгенбайдың қаза тапқанын жеткізер кезде, оның батырлығын, елге жасаған жақсылықтарын айта келе:

«…Бөгембайдай батырдың
Береке берсін артына,
Бірлік берсін халқына.
Жаратқан ием жар болып,
Пейіште нұры шалқығай!» – деп түйіндеген.

Мәшһүр Жүсіп Мұса Шорманұлын келінінің жоқтауын:
«Бісмілла сөздің басында,
Көрдім бір қасірет жасымда!
Опасыз дүние-ай, дариға,
Жан атам өтті, жарандар,
Иманы жолдас қасында.
Халайық, бір сөз қозғайын,
Сүннеттен асып, озбайын,
Асылық сөйлеп Аллаға
Шариғат сөзін бұзбайын», – деп келтірген.

Әбдірахман дүниеден озғанда ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы да:

«…Қажыны алған бұл өлім
Сабырлық қылсақ керек-ті» – деп жақындарына жұбату айтқан-ды.

СҰРАҚ-ЖАУАП

## Дінде қайыршылық құптала ма?

***Әдетте біз қайыршыны көрген уақытта «садақа берсек, сауаптан болмақ» деп қайыр садақа беруге асығамыз. Бұл асылында адам баласының жақсылық жасауға жаны жақын екенін білдірсе керек. Ал енді «қайыршылық дін исламда қалай қаралады?» деген сұраққа көп жағдайда үңіле бермейміз. Ислам мұқтаж адамға, қайыршыға, жалпы қайырымдылық жасауға қатты жігерлендіргенімен басқалардан қол созып сұрауды құптамайды.***



Адамның үзірлі болуы немесе жағдайдың соған мәжбүрлеуі басқа мәселе. Мұнда біз он екі мүшесі сау, тепсе, темір үзетін немесе жастайынан басқалардан бір нәрсе дәметіп сұрауды әдетке айналдырған яки болмаса жағдайы бола тұра пайда көздеп, тіленшек болу сияқты т.б. жағдайларды айтып отырмыз.

Зубайр ибн Аууам жеткізген риуаятқа сәйкес Алланың Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: *«Кім қолына бір арқан алып, тауға шығып бір бума отын әкеліп оны сатып және Алладан оның қайырын тілесе, беріп-бермеуі белгісіз қайыршылықтан аса қайырлы»* (Бұхари).

Келесі хадисінде мынаны айтады: «*Расында ешкім өз еңбегінен қайырлы тамақ жемеген. Алланың нәбиі Дәуіт те еңбегімен тапқан асты жейтін еді»* (Бұхари).

Ислам еңбек етіп, маңдай терімен тапқан малдан асқан қайыр мен береке жоқ деген қағиданы ұстанады. Ал енді жағдайы бола тұра дәулетін арттыру мақсатында қайыршылық етудің жазасы, тіпті, қатты. Ондай адамның жиғаны мал да емес, дүние де емес, ақыреті үшін жиған отпен теңеген: *«Шын мәнінде, байлығын арттыру үшін аз немесе көп қайыр сұраған адам, өзі үшін тілеп алған от шоғымен тең»* (Мүслім, Зекет, 107).

## Ислам трайбализмге қалай қарайды?

***Ислам діні трайбализмге қарсы. Оған мұсылман үмбетін апатқа жығатын фактор ретінде қарайды. Себебі ислам үмбеті көптеген халық, ұлттар мен этностардан құралған дін. Мұнда өкінішке орай бүгінгі қоғамда қызметке тұру үшін жиі қолданылатын жерлестікке, ағайын-туыстыққа жол жоқ.***

Мысалы, Бани Мусталик жорығы кезіндегі оқиғаны алайық. Бір ансарлық пен мухажир арасында келіспеушілік туып, арты дауға ұласады. Сөйтіп жерлестерін көмекке шақырып: «Қайдасыңдар ей, ансарлар!» және «Қайдасыңдар ей, муһажирлер!», – деп ұрандар тасталады.

Мұны естіген Алланың Елшісі (с.ғ.с.): «Бұл жаһилия кезіндегі не қылған әдет?!», – деп мұндай әрекетке тиым салады. Кейін оларға ру көсемдеріне бағыну, құрмет қылумен қатар трайбализмге бармауға керісінше Исламдағы достық пен бауырмашылдықты үйренуге шақырады:

«Адам қатыгез, жәбір көрген болса да дін бауырына жәрдем берсін. Егер бауыры қатыгез болса, оған бөгет жасасын. Өйткені қатыгездік амалынан қайтару, ол адамға жасалатын жақсылық. Егер бауыры жәбір көрсе, онда оған көмек берсін!» (Мүслим, Термези).

Расында, трайбализмнің қоғам дамуына, экономиканың өркендеуіне көп кедергі келтіреді. Өйткені қызметке тұруда, белгілі мансапқа жетуде немесе қоғамдағы парақорлықтың өршуінде, мемлекеттік сатып-алу, тапсырыс беру сияқты т.б. көптеген істерде трайбализмнің орны мен ықпалы айқын көрінеді. Сол себепті де дін ислам трайбализмге қарсы.

**Дереккөз: kazislam.kz**

# ТӨРТ ЖОБАМЕН ТОЛЫҚТЫ

***Қазіргі уақытта «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 13 арнайы жоба бекітіліп, жүзеге асып жатқаны мәлім. Әлемде орын алған пандемия жағдайына байланысты биылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасына «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек елдің мұраты» және «Құқықтық мәдениет» аталатын 4 жаңа арнайы жоба қосылды.***

«Үнем – қоғам қуаты» арнайы жобасы негізінде Қазақстан жастары арасында биік талғамды қалыптастыруға, қоғамдық мінез-құлық нормаларын дамытуға, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға арналған біршама іс-шараларды өткізу жоспарланған.

Сонымен бірге ұмыт болып бара жатқан, алайда ізгілік пен тәрбие құндылығы жағынан қазіргі заманда да өзекті болып отырған дәстүр мен тарихи жәдігерлерді қайта жандандыруға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы басталып отыр.

«Құқықтық мәдениет» жобасының негізгі қағидаттарының бірі – бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру жолында құқықтық мәдениеті толысқан қоғам құру. Бұл мақсатта «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде бірқатар іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.

Жаңа бірегей жобалардың қатарында «Еңбек – елдің мұраты» арнайы жобасы да бар. Жобаның мақсаты – қазіргі ұрпаққа қажырлы еңбектің арқасында өз кәсібі саласында табысқа жеткен адамдардың жетістігін барынша насихаттау, жастарға кәсіптік бағдар беру.

Әр жобаға жеке концепция жасалған. Бұл жобалардың барлығының басты идеясы – тұлғаны тәрбиелеу мен қоғамда биік талғам қалыптастыру.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазіргі уақытта іс-шаралар онлайн форматта өткізілуде. Талқылау қорытындысында бағдарламаны жетілдіру және одан әрі тиімді іске асыру бойынша нақты бағыттар мен жаңа тәсілдер қарастырылды.













***Жақсы кино жанға азық сыйлайтыны рас. Дегенмен, карантинге байланысты кинотеатрлардың жұмысы тоқтап қалған еді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Қарағанды қаласынан «Саржайлау» кинотеатры ұжымы мысты шаһарға да келді. Ашық алаңда көрсетілген фильм – Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбай» туындысы.***

# АШЫҚ АЛАҢ АСТЫНДА – КИНОТЕАТР



Алаңға келіп фильмді тамашалаған көрермендердің бірі – Бекзат Әуелбек.

– Фильм көрсетілімін осы маңайдан кездейсоқ өтіп бара жатып байқадым. Ұстаздарым «Құнанбай» фильмін көруге кеңес беретін. Әйтсе де, соның бір ыңғайы келмей жүр еді. Міне, бүгін фильмді көріп шықтым. Мен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын түгел оқып шыққанмын. Бәлкім, соның себебі болар бұл фильм маған сондай нақты, түсінікті көрінді. Шығармада қатал кейіппен көрінетін Құнанбайдың ел арасында зор құрметке ие, би, болыс болғанын біреу білсе, біреу біле бермес. Оның өмір жолын, тура билігін жастарға насихаттауда осындай фильмдердің алар орны ерекше деп ойлаймын, – деген ол бұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба берсе екен деген тілегін де жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАРДЫ АНЫҚТАЙДЫ

***Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры, Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы, «Хабар» агенттігі , «КТК» телеарнасы және «Оқжетпес» индивидуальдық кешенінің бастамасымен жүзеге асырылып жүрген «Қайырымдылық керуені» республикалық акциясы биыл да жалғасын таппақ. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен кездесуде Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова хабарлады.***



Акция аясында бірнеше номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталатын болады. Өзгеге қол ұшын созып, қоғам дамуына айтарлықтай үлесін қосып жүрген мейірімді жүрек иелерін анықтауды мақсат еткен шараның алғашқысы – «Асар» номинациясы. Оған халқымыздың салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын дәріптеу, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жолында еңбек етіп жүрген кез келген ел азаматы қатыса алады.

Ал «Туған жер» номинациясына туған жерінің өсіп-өркендеуі жолында, экологиялық мәселелерді шешуде және қоғамның әр түрлі салаларында аймақ дамуы үшін игі істер атқарып жүрген жандар қатысуға ниет білдіруге құқылы.

Келесі номинация – «Батыл жүрек» деп аталады. Аты айтып тұрғандай, бұл аталымда бүгінгінің батырлары бақ сынай алады. «Мейірім жолында» номинациясы мұқтаж жандарға әрдайым көмек қолын созушы жандарға арналған. Соңғы номинация – «Қайырымдылық тарихы». Аталған номинация БАҚ бетінде жүрегі мейірімге толы, өзгенің қиындығына бей-жай қарай алмайтын тұлғалар мен олардың қайрымдылық істері туралы арнайы материалдар дайындап, қоғам арасында жақсылық істерін кеңінен дәріптеген журналистерге немесе шығармашылық ұжымға беріледі.

Байқауға кәсіпкерлік субъектлері және қайырымдылық қызметті мемлекеттік қолдау арқылы жүргізетін ұйымдар қатыстырылмайды. Іріктеу жұмыстары еліміздің барлық өңірінде 1 қараша мен 15 желтоқсан аралығында жүргізіледі. 15 қаңтар күні жеңімпаздар есімі анықталады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТЕГІН МАСКА ТАРАТТЫ

***Жезқазғандық волонтерлар тағы бір игі істің ұйытқысы болды. Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Ізтөлеу Түсіп бастаған еріктілер тобы қала тұрғындарына тегін маска таратты. Алашахан даңғылынан басталған тегін маска тарату қаланың өзге де көшелерінде жалғасын тапты.***



– Аталмыш шараны алғаш ұйымдастыруымыз емес. Жезқазған волонтерлары төтенше жағдай кезінде де тұрғындарды маска, азық-түлік сияқты қажетті заттармен қамтамасыз етті. Карантин талаптары жеңілдетілгенімен еркінсуге болмайды. Қандай жағдай болмасын маскалық режимді сақтауымыз керек, – деген Ізтөлеу Түсіп шараға қолдау көрсеткен қала әкімдігіне алғысын білдірді.

Волонтерлар автобус жолаушыларына коронавирус дертінің алдын алу және сақтану тәсілдері баяндалған арнайы түсіндірме қағаздарын таратып, аялдамаларға, тұрғындар көп жүретін жерлерге плакаттар жапсырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# АЙМАҚТЫҚ БАҚ-ты ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

***Жақында аймақтық «Дидар» телеарнасының баспасөз клубында «Аймақтық БАҚ-ты дамыту: мәселелері мен болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аталған шараны «Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысы бойынша «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Іс-шараға Жезқазған, Сәтбаев қаласының бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері және ардагер журналистер қатысты.***



Халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, қоғамның руханияты мен тынысынан үздіксіз ақпарат таратып, билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір саналатын бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қоғамда рөлі өте зор. Төртінші билік саналатын БАҚ – күнделікті өмірдің жаршысы. Аймақтық БАҚ мәселелерін талқылауға арналған жиынды «Мейірімді жүрек» ҚБ төрағасы Эльвира Алпанбаева ашып-жүргізіп отырды.

Дөңгелек үстел басында қызығы мен шыжығы өз алдына жауапкершілігі зор мамандықтың бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелері жиынға арқау болды. Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарының дамуында үлкен өзгерістер болды. Бұл негізінен интернет пен мультимедиялық орталықтардың пайда болуы мен дамуымен тығыз байланысты. Дөңгелек үстелде аймақтық БАҚ-тың тәжірбиесі, кездесетін проблемалар, кадр тапшылығы, қаржыландыру, басқа да ірілі-ұсақты мәселелері әңгіме өзегіне айналып, болашағы жан-жақты айтылды. Сөз алғандар журналистердің біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру керек деді. Сондай-ақ, ақпараттық үрдістерден алшақтамауға мүмкіндік беретін арнайы жоба әзірлеуді ұсынды. Ол үшін тәжірибелі мамандардың қатысуымен жиі семинар-тренинг өткізіп тұрса артық етпейді. Бүгінде журналист, корреспондент, әдетте, тек бір тақырыптық шеңберде ғана жұмыс істемей, кез-келген тақырыпты қамтуы керектігі айтылды. Сонымен бірге басылымдардың эсклюзивтілігін, кері байланысын және жанрлық палитрасын одан сайын арттырған жөн.

Кездесуге қатысушылар өз ойларымен, идеяларымен және ұсыныстарымен алмасты. Көтерілген мәселелердің ішінде, әсіресе, қаржыландыру жайы баса айтылды. Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық бұқаралық ақпарат құралдары заң алдында бірдей болғанына қарамастан, оларды қаржыландыру мөлшері мен тәсілдері әртүрлі екені де айтылмай қалмады. Ардагер журналистер Балтабек Әбеуов, Сағынкүл Жантурина өмірлік тәжірбиелерімен бөлісіп, орамды ойларын ортаға салды.

Қорыта айтқанда аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдарының проблемалары айқын екені, олардың көпшілігі шешімін табатын мәселелер. Сонымен мәртебелі мамандық иелері бір тоқтамға келіп, алдағы уақытта жұдырықтай жұмылып БАҚ –ты қаржыландыру яғни тендер мәселесін талқылайтын болып келісті.

**Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ**

# ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі Қарағанды облысының «Тіл сарайы» ЖММ-нің ұйымдастыруымен

**2020 жылдың 21 қазаны күні сағат 15:00-де**

**«ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЖАҢА ӘЛЕМГЕ БАСТАР ЖОЛ»**

атты жастар арасында қалалық диктант байқауы өткізетінін хабарлайды. Байқау жеңімпаздарына жүлделі орындар мен сыйлықтар табысталады.

Диктант байқауы Zoom Cloud Meetings платформасында өтеді. Қатысушылар 19 қазанға дейін **langcenterkar@mail.ru** поштасына (аты-жөні, оқу орны, байланыс телефоны, gmail.com) жолдауларыңыз қажет.

**Байланыс телефоны: 8 777 1899321**

## ЭКОСОФИЯ

### *Қарлығаш әулие*

Ертеде жоңғарлар тұтқиылдан лап қойғанда, қам-қарекетсіз отырған жұрт жапа-тармағай қаша жөнеледі. Бір отау көште қалып қояды. Қонтайшы әлгі үйге кіріп:

– Сен неге жұртта қалдың? Әлде бізден қорықпайсың ба? – дейді. Би молдасын құрып отырған күйі:

– Шаңырағыма қарлығаш ұя салып еді. Балапандары қанаттанып, ұшып кеткенше көше алмаймын. Сенен де қорқам. Бірақ Құдайдан қаттырақ қорқамын. Жау келді деп үйімді жықсам, құстың ұясын бұзамын. Өйтіп Құдай алдында күнәһар бола алмаймын. Жан керек болса – кеудемде, бас керек болса – қолыңда, білгеніңді істе. О дүниеде қарсы алар Тәңірімнің көзі оң болсын! – дейді.

Қонтайшы сөзден тосылады. Биге бата алмай кері қайтады. Нөкерлеріне:

– Мынау әулие адам екен, тимеңдер, – деп жүре беріпті. Содан бастап Төле би «Қарлығаш әулие» атаныпты. Оның бұл ісі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болған екен.